



Республикалық жастар газеті

Ақмешіт ЖАСТАРЫ

Газет 2013 жылдың
қыркүйек айынан
бастап шығады

...Мен
жастарға
сенемін!

Мағжан



№33 (673)
13 ТАМЫЗ,
БЕЙСЕНБІ
2026 ЖЫЛ

• 12 ТАМЫЗ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАСТАР КҮНІ



ӘЛІ ЖАСПЫЗ ҒОЙ...

Бір досым бар. Сырттай қарағанда өзінің жеке басынан өзгені ойламайтындай көрінеді. Бірақ біз мектеп бітіргелі оның тірлігіне сүйсініп-ақ келеміз. Кішкентайынан отбасының қамын ойлап өскен оның бір күні маған келіп елдің мұнын айтқаны бар. «Өзімнен он жас үлкен жігіттер қауғады. Әпердім. Сосын қарап тұрып, «ей, інім, сен не істеп жүрсің? Әкең мен шешен қарайласын үйге, біз сенің жасыңда сауық-сайранның бел ортасында жүретінбіз. Ал сен тірліктің қамытын ерте киіпсің» деп ақыл айтты. Сонда менен он жас үлкеннің ой-өрісінің жеткені осы болса, елдің келешегі қалай болмақ?» деді. Мен айтарға сөз таппадым. Бұл он жылдың маңайындағы ой еді... Отызында орда бұзбай, қыркында да қамал алмай жүргендерді талай көрдік. Ал бүгінгі жастың ойы – мүлдем бөлек.

Күні кеше өңірде халықаралық жастар күні тойланды. Жұлдыздар жарқырап, орталық алаңда ине шаншар орын болмаған концерттер өтті. Елдің белсенді жастары бас қосты. Мұның барлығын да көзбен көріп, көңілге түйдік. Қазіргі жастың қарқынына қуандық. Аспанға атқан малақайымыз жақын маңайда төмен түспейтініне сендік.

Қоғамның кез-келген саласында белсенді жастар бар. Олардың қай-қайсысынан да «Әлі жаспыз ғой...» деген сылтау естімейсіз. Қолынан келсе, ел мүддесі, қазақтың болашағы деп маңдай терін сылып алуға бар. Тек оларды көре білу керек.

Халықаралық жастар күніне орай облыс орталығынан бөлек әрбір ауданның төрінде мерекелік концерт өтті. Үлкен сахналарда өнер көрсетіп жүрген аймақтың мақтаныштары туған жерлеріне ат басын бұрып, туған елге тағзым етті. Замандастарын мерекемен құттықтады. Мұның әрбірінде де алдыңғы толқыннан алған үлгі, алдыңғы толқыннан алған тәрбие бар екені анық.

Жастар мерекесі қарсаңында басылымның 4-бетін замандастарымызға арнадық. Мереке құтты болсын!



ДЕМАЛЫСТЫ ДАМУҒА АРНАҒАН АНА

Өмірдегі үлкен өзгерістер күтпеген жерден басталады. Бір қарағанда, жай ғана қызығушылық болып көрінген іс уақыт өте келе адамды жаңа белеске жетелейді. Бүгін баяндағалы отырған кейіпкеріміздің де тойтабақ пен көрнекілік құралдарын жасау кәсібіне келуі осындай ұмтылыстан басталған. Екі баланың анасы атанып бесік тербеген Кәмшат Бекділдақызы тек бір әулеттің берекесін кіргізіп қоймай, кәсіпті де қатар алып жүр.

7

ӘЛЕУМЕТТІК

ЖЕЛІДЕГІ ӘДЕПСІЗДІК НЕМЕСЕ ЭКРАНЫҢ АРҒЫ ЖАҒЫНДА ЗАҢ ЖОҚ ПА?

Әлеуметтік желідегі бір ауыз боғауыз сөз бес тәулік қамауға, жалған ақпарат айыппұлға, ал орынсыз жазылған пікір сотқа ұласуы мүмкін. Цифрлық кеңістікте сөз бостандығы мен жауапкершіліктің шекарасы қай жерде?




КОЛЛАЖ А.НҰР


3

ЖОЛ ЕРЕЖЕСІН КІМ ЖИІ БҰЗАДЫ?

КОЛЛАЖ А.НҰР



5



Айшабибінұр КЕНЖЕБАЕВА:

АРМАНЫҢНАН ҰЯЛМА

Кейде кішкентай әуестік тұтас өмірлік мұратқа, ал бала күнгі қызығушылық мыңдаған шәкірттің жолын ашқан білім ошағына айналуы мүмкін. Бүгінгі кейіпкеріміз – түрік тілінің әуезді әлемін қазақ жастарына танытып жүрген тәжірибелі ұстаз, «World Education» онлайн мектебінің негізін қалаушы әрі «Türkçem müthiş» кітабының авторы Айшабибінұр Кенжебаева.

4

ДИПЛОМНАН БӨЛЕК ДӘЛЕЛ: ЕРІКТІЛІК ЕҢБЕГІ ЖАС МАМАНҒА ЖОЛ АШУЫ ТИІС

Университет қабырғасында жүрген жас үшін ең басты міндет – білім алу. Алайда бүгінгі студенттің өмірі аудитория мен кітапхананың айналасымен ғана шектелмейді. Сабақтан тыс уақытта қоғамдық жұмыстарға араласатын, еріктілікпен айналысатын, түрлі әлеуметтік жобаларға қатысатын жастардың қатары артып келеді. Бірі қарттарға көмек көрсетеді, енді бірі балаларға арналған жобаларға атсалысады. Қоғамдық іс-шаралардың ұйымдастырылуына көмектесіп, жастар бастамаларын жүзеге асырады. Олардың барлығының ортақ бір мақсаты бар – қоғамға пайдасын тигізу. Бірақ бір мәселе бар. Студенттің төрт жыл бойы жинаған мұндай тәжірибесі диплом алғаннан кейін еңбек нарығында қаншалықты ескеріледі? Көп жағдайда – өте аз.

Сурет ашық дереккөзден алынды

ҚАЙСАРЛЫҚТЫҢ ЖҮГІ

8



3

«ЖАСЫЛ ЕЛ» ЭКОЛОГИЯЛЫҚ СЕНБІЛІККЕ ҚАТЫСТЫ

Облыс әкімі Мұрат Ергешбаев «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында Қорқыт ата аллеясында сенбілікке атсалысып жатқан «Жасыл ел» еңбек жасақтарының сарбаздарымен кездесті.

Аймақ басшысы табиғатты қорғау, қоршаған ортаны таза ұстау өркениетті қоғамның басты құндылығы екенін атап өтті.

– Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлының бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясы аясында өңірімізде ауқымды жұмыс атқарылуда.

Шілде айының басында күшіне енген халықтық Конституцияда табиғатты қорғау, қоршаған ортаға ұқыпты қарау қағидаты алғаш рет заң деңгейінде бекітілді. Ендігі жерде қоршаған ортаға жанашырлық таныту – әрбір азаматтың конституциялық парызы.

Қызылорда қаласындағы орталық алаң, қалалық мәдени-демалыс паркі,

Президент саябағы, бүгінгі сенбілік өтіп жатқан Қорқыт Ата саябағының жаңаша келбетке енуі – өңіріміздің әлеуметтік инфрақұрылымын жаңғыртуға бағытталған жүйелі саясаттың жемісі.

Осындай игі істердің бел ортасында әрдайым «Жасыл ел» еңбек жасағының сарбаздары жүреді. «Жасыл ел» – маусымдық жұмыс емес, жастарды еңбекке баулитын, елжандылыққа тәрбиелейтін, қоғамдық жауапкершілікті қалыптастыратын үлкен азаматтық мектеп. Бұл жоба арқылы мыңдаған жас алғашқы еңбек тәжірибесін жинақтап, туған жердің дамуына сүбелі үлесін қосып келеді.

Биыл жобаға 21 жыл толды. Осы уақыт ішінде «Жасыл ел» өз тиімділігін дәлелдеп, жастар



саясатының ең табысты жобаларының біріне айналды. Туған өлкеміздің тазалығы мен көркеюі жолында аянбай еңбек етіп жүрген баршаңызға

шынайы ризашылығымды білдіремін!, - деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Сенбілікте аймақ басшысы жастармен экологиялық мәдениетті қа-

лыпастыру жөнінде еркін пікір алмасты.

Айта кетейік, өткен жылы «Жасыл ел» еңбек жасағының қатысуымен 118 саябақ, сквер, аллея және қоғамдық демалыс орындары көгалдандырылып, 12 гектар аумақ тұрмыстық қалдықтан тазартылды.

Биыл да 1200-ден астам жас осы игі іске атсалысып, өңірдің тазалығы мен көркеюіне өз үлесін қосуда.

Жасақ сарбаздары арнайы киім-дермен, құрал-жабдықтармен қамтылған.

Сонымен қатар, бүгін облыс әкімі «КБИ», «Бәйтерек» шағын аудандары мен Жаппасбай батыр көшесіндегі тазалық, абаттандыру және балалар ойын алаңдарының жағдайын, Сағымбаев көшесін қайта жаңғырту жұмыстарын көріп, жауапты сала басшыларына нақты тапсырмалар жүктеді.

Қызылорда облысы әкімінің баспасөз қызметі

ҚЫЗЫЛОРДА: ЭКОНОМИКАДА – ӨСІМ, БЮДЖЕТТЕ – ТҰРАҚТЫЛЫҚ

Қызылорда облысының әлеуметтік-экономикалық дамуында он үрдіс қалыптасып, өңір экономикасының негізгі көрсеткіштері бойынша тұрақты өсім қамтамасыз етілді. 2026 жылдың алғашқы алты айының қорытындысы аймақтың өндірістік әлеуеті артып, инвестициялық белсенділік пен құрылыс қарқынының жоғарылағанын көрсетті. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында өткен баспасөз конференциясында белгілі болды.

Қызылорда облысының экономика және қаржы басқармасының басшысы Мырзабек Сәкен Салхадинұлының



айтуынша, жыл басынан бері экономиканың жетекші салаларында өсім байқалады.

– Алты айдың қорытындысы бойынша негізгі макро-экономикалық көрсеткіштердің барлығында оң динамика қалыптасты. Бұл өңірде жүзеге асырылып жатқан жобалар мен экономиканы әртараптандыру

бағытындағы жұмыстардың нәтижесі. Атап айтқанда, өнеркәсіп өндірісі 2,4 пайызға, өңдеу өнеркәсібі 13,8 пайызға артты. Ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 3,9 пайызға өссе, құрылыс жұмыстарының көлемі 31,3 пайызға ұлғайды. Пайдалануға берілген тұрғын үйлер көлемі 1,3 пайызға,

сауда 2,6 пайызға артты. Экономикаға инвестиция тарту көрсеткіші де жоғары қарқын көрсетті. Негізгі капиталға салынған инвестициялар 7,1 пайызға өссе, оның ішінде жеке инвестициялар көлемі 20,6 пайызға артқан. Сонымен қатар көлік және қоймалау саласындағы қызмет көлемі 19,8 пайызға, байланыс қызметтері 8,5 пайызға ұлғайды, – деді басқарма басшысы.

Экономикалық белсенділіктің артуына жаңа инвестициялық жобалардың іске қосылуы да серпін беруде. Биыл өңірде 21 ірі жобаны іске қосу жоспарланып отыр. Бұл жобалар өндіріс көлемін ұлғайтып қана қоймай, жаңа жұмыс орындарын ашуға және бюджет кірістерін арттыруға мүмкіндік береді.

«АЖ» ақпарат

«КЕҢ ДАЛА-2» БАҒДАРЛАМАСЫ АРҚЫЛЫ 80 ШАРУАШЫЛЫҚ ҚАРЖЫЛАНДЫРЫЛДЫ



Биыл облыстың егіс алқаптарын сумен қамтамасыз ету үшін 3,2 млрд текше метр су лимиті бекітілді. Вегетациялық кезең басталғалы Сырдария өзенінен каналдар арқылы 2,9 млрд текше метр су алынып, оның 2,4 млрд текше метрі егістікке жеткізілді. Жалпы биыл өңірде 185,8 мың гектар ауыл шаруашылығы дақылдары орналастырылды. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Талғат Дүйсебаев баяндады.

Суды көп қажет ететін күріш алқабы өткен жылмен салыстырғанда 10,9 мың гектарға қысқартылып, 70,1 мың гектарды құрады. Оның орнына дөңдік жүгері егісі бес есеге ұлғайып, 10 мың гектарға жеткізілді.

Бүгінде күріш алқаптарында агротехникалық шаралар қарқынды жүргізілуде. 59,9 мың гектар жер үстеп қоректендіріліп, 62,3 мың гектарда арамшөптерге қарсы химиялық өңдеу жүргізілді. Күріш жинау жұмыстары тамыз

айының үшінші онкүндігінде басталады.

Облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Талғат Дүйсебаевтың айтуынша, егін шаруашылығында су үнемдеу мен

әртараптандыру жұмыстары алдағы кезеңде де басым бағыт болып қала береді.

– Су үнемдеу технологияларын енгізу көлемі де айтарлықтай артты. Өткен жылы мұндай технологиялар 8,1 мың гектар алқапта қолданылса, биыл көрсеткіш 14,2 мың гектарға жетті. Сонымен қатар лазерлік тегістеу жұмыстары 65 мың гектар күріш алқабын қамтыды. Егін шаруашылығын әртараптандыруға алдағы үш жылда 34 млрд теңгеден астам мемлекеттік қолдау қарастырылған. Биыл Жалағаш ауданында «Харвест Агро» серіктестігі 21 мың гектар аумақта жүгері, соя және техникалық қарасора өсіруге бағытталған агрокластер қалыптастыруда. Шиелі ауданында «Центр семеноводства» серіктестігі жаңбырлатып суару арқылы 10 мың гектарға жүгері егуді, «Таң ЛТД» серіктестігі 3 мың гектарда тамшылатып суару технологиясын енгізуді қолға алды, – деді Талғат Дүйсебаев.

Шаруаларды қолдау шаралары да жалғасуда. «Кең дала-2» бағдарламасы арқылы 80 шаруашылыққа 9,4 млрд теңге жеңілдетілген несие беріліп, 30,3 мың гектар егістік қаржыландырылды.

Қызылорда облысының Өңірлік коммуникациялар қызметі

Қызылорда облысында 10 тамыз – Абай күніне орай ұлы ақынның шығармашылығы мен рухани мұрасын кеңінен насихаттауға бағытталған «Абай мұрасы – ұлт руханиятының темірқазығы» атты облыстық байқау өтті.

АБАЙ МҰРАСЫ – ҰЛТ РУХАНИЯТЫНЫҢ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ



Байқау барысында қатысушылар мен қонақтар «Адамзаттың Абайы» атты көрме-инсталляциямен танысты. Көрмеде хакім Абайдың өмір жолы, шығармашылық мұрасы, философиялық тұжырымдары мен адамзаттық құндылықтарды дәріптейтін тағылымды ойлары кеңінен қамтылды.

Шарада облыс әкімінің орынбасары Қайрат Нұртай қатысушыларды Абай күнімен құттықтап, ұлы ақын мұрасының жас ұрпақ тәрбиесіндегі маңызына тоқталды. – Абай мұрасы халқымыздың рухани қазынасы ғана емес, адамзатқа ортақ құндылықтарды дәріптейтін мол мұра. Ұлы ойшылдың әрбір сөзі адамды білімге, еңбекке, ізгілікке, әділет пен жауапкершілікке үндейді. Сондықтан Абай шығармашылығын жас ұрпақ арасында кеңінен насихаттау ұлттық руханиятымызды нығайтудың маңызды бағыты, – деді облыс әкімінің орынбасары.

Облыстық байқауға Қызылорда қаласы мен аудандарынан жоғары және орта арнаулы білім беру ұйымдарының студенттері мен жастарынан құралған сегіз команда қатысты. Олар өзара білімдері мен шығармашылық қабілеттерін ортаға салып, бірнеше кезең бойынша бақ сынады.

Атап айтқанда, қатысушылар Абайдың қара сөздерін мәнерлеп оқып, ақынның өмірі мен шығармашылығына қатысты сұрақтарға жауап берді. Сонымен қатар «Абай жолы» роман-эпопеясы негізінде сахналық қойылым ұсынып, хакімнің әндерін орындады.

Әр кезең жас қатысушылардың Абай мұрасын қаншалықты терең меңгергенін ғана емес, олардың ізденісі мен сахналық шеберлігін, ұлттық өнерге деген құрметін де танытты.

Байқау қорытындысында Қазалы ауданының «Сыр зеректері» тобы үздік атанып, I орынға ие болды. Жалағаш ауданының «Жеңіс» тобы II орынды, Жаңақорған ауданының «Жалын» тобы III орынды иеленді.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге бағалы сыйлықтар табысталды.

Абай – бір дәуірдің ғана емес, барша адамзаттың ой-санасына сәуле түсірген ұлы тұлға. Оның «толық адам» туралы тағылымы, білім мен ғылымға үндеген өсиеті, еңбек пен әділетті биік қойған ұстанымы бүгінгі қоғам үшін де өзектілігін жоғалтқан жоқ.

Сондықтан Абай мұрасын жас ұрпақтың санасына сіңіру өткенді ұлықтау ғана емес, кемел болашаққа бағыт сілтеу. Облыста Абай күніне орай ұйымдастырылып жатқан тағылымды шаралар ұлы ақынның шығармашылығын кеңінен насихаттап, оның рухани мұрасын кейінгі буынға жеткізуге қызмет етуде.

«АЖ» ақпарат

Басы 1-бетте

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕГІ ӘДЕПСІЗДІК немесе экранның арғы жағында заң жоқ па?

«Өз паракшам – өз еркім. Не жазсам да, не айтсам да өзім білемін». Әлеуметтік желі қолданушыларының арасында осындай түсінік бар. Телефонның экраны адамға кейде шынайы өмірдегі жауапкершіліктен уақытша алыстап кеткендей әсер береді. Камераның ар жағында полиция жоқ, қарсы алдында нақты адам тұрмағандай көрінеді. Ашумен жазылған пікір де, боғауыз сөз де, біреуді қаралайтын жазба да «виртуалды әлемде» қалып қоятындай. Бірақ олай емес. Экранның ар жағында да адам бар. Ал адамның құқығы интернетке кірген кезде жоғалмайды. Сол сияқты заң да әлеуметтік желіге кіргенде күшін жоймайды.

Кейінгі жылдары әлеуметтік желіге жүргізілетін мониторинг барысында анықталған құқық бұзушылықтар осыны айқын көрсетіп отыр. Бірі қоғамдық орында боғауыз сөз айтып, оны Instagram-ға жүктегені үшін бес тәулікке қамалды. Екіншісі TikTok-тағы тікелей эфир кезінде былапыт сөздер қолданғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Алматы облысында әлеуметтік желілерге бейәдеп сөздер айтылған видео жариялаған 22 жастағы тұрғын да бес тәулікке әкімшілік қамауға алынды. Ал Facebook желісінде адамды жемқор деп атап, негізсіз айыптаған тұрғынның ісі айыппұлмен аяқталды.

Бұл оқиғалардың әрқайсысы – жеке жағдай. Бірақ бәріне ортақ бір мәселе бар: әлеуметтік желі заңсыздық жасайтын «көрінбейтін аумақ» емес. Қоғамдық орында боғауыз сөз айтып, оны әлеуметтік желіге жүктеген 26 жастағы тұрғынның оқиғасы соның бір мысалы. Полиция қызметкерлері оның жеке басы анықтап, іс материалдарын сотқа ұсынған. Нәтижесінде ер адам әкімшілік жауапкершілікке тартылып, бес тәулікке әкімшілік қамауға алынған.

Қазақстан заңнамасында қоғамдық орында былапыт сөйлеу, айнала-сындағыларға құрметсіздік танытып, қоғамдық тәртіп пен тыныштықты бұзу ұсақ бұзақылық ретінде қарастырылуы мүмкін. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 434-бабында мұндай әрекет үшін айыппұлдан бөлек, қоғамдық жұмыстар немесе әкімшілік қамақ түріндегі жаза да көзделген. Яғни «ұсақ» деген атаудың өзі жауапкершіліктің ұсақ екенін білдірмейді. Әсіресе

қайталанған жағдайда жаза қатандай түседі. Сондықтан қоғамдық жерде өзін ұстай алмаған, тілін тыймаған адамның әрекеті бірнеше минуттық эмоция болып қана қалмай, әкімшілік іс материалдарына айналуы мүмкін. Ал әлеуметтік желі бұл жерде оқиғаны жасыратын қалқан емес, керісінше құқық бұзушылықты анықтайтын дәлелдің біріне айналуы ықтимал.


Тікелей эфирдегі тіл мен желідегі пікір темір торға апармасын

Бұрын көшеде болған оқиғаға куәгер керек еді. Қазір біреудің заң бұзғанын анықтау үшін кейде смартфондағы бейненің өзі жеткілікті. Мәселен Түркістан облысында полиция TikTok әлеуметтік желісіндегі тікелей эфир кезінде агрессивті мінез-құлық танытып, былапыт сөздер қолданған әйел адамның бейнежазбасын анықтаған. Интернет кеңістігіне жүргізілген мониторинг нәтижесінде құқық бұзушының жеке басы анықталып, сот шешімімен әкімшілік жауапкершілікке тартылған.

Бұл жерде тағы бір маңызды мәселе бар. Тікелей эфир – адамның үйіндегі жабық әңгімесі емес. Оған кез келген адам кіре алады, көре алады, тыңдай алады. Ал эфир тоқтағаннан кейін оның жазбасы басқа парақшаларға таралуы мүмкін. Әлеуметтік желінің табиғаты осындай, бір айтылған сөзді кері қайтару өте қиын.

Алматы облысында болған жағдай да осыған ұқсас. TikTok пен Instagram желілерінде бейәдеп сөздер айтылған видео жариялаған 22 жастағы тұрғын полиция назарына іліккен. Тексеру барысында қоғамдық тәртіп пен әдеп нормаларын ашық түрде менсінбеу белгілері бар бейнежазба анықталған. Нәтижесінде видеоны жариялаған адамның кім екені белгілі болып, сот оны бес тәулікке әкімшілік қамауға алған. Әлеуметтік желіде боғауыз сөздің кез келген түрі автоматты түрде бір ғана баппен жазаланады деу дұрыс емес. Бірақ қоғамдық тәртіпке нұқсан келтіретін, өзге адамды қорлайтын немесе заңда көзделген өзге құқық бұзушылық белгілері бар әрекет жауапсыз қалмайды.

Әлеуметтік желідегі балағаттың ең қауіпті тұсы – оның бір адамға бағытталуы. Ашумен жазылған пікір экранда бірнеше секунд қана тұруы мүмкін. Бірақ оны оқыған адамның көңілінде қалатын



Суреттер «КІ» арқылы жасалған

жара ұзаққа созылуы ықтимал. Ақтөбе қаласында болған жағдай осыны аңғартады. 28 жастағы тұрғын әлеуметтік желі арқылы өзіне және сабиіне балағат сөздер айтқан әйелге қатысты мәселені сотқа дейін жеткізген. Жәбірленушінің айтуынша, ол өмірде ешқашан көрмеген адамның дәрекі сөздеріне тап болған. Тіпті әлеуметтік желідегі осы жайттың отбасы жағдайына әсер еткені айтылған. Іс барысында жәбірленуші моральдық зиян ретінде 800 мың теңге көлемінде өтемақы талап ететінін мәлімдеген.

Әлеуметтік желідегі құқықтық даулардың тағы бір үлкен бөлігі – жала жабу. Біреуге «сенің сөзің ұнамайды» деу – пікір. Ал «сен жемқорсың», «сен қылмыс жасадың», «сен пара алдың» деп нақты айып тағу – мүлдем басқа мәселе. Әсіресе мұндай сөздің шындыққа жанаспайтыны белгілі бола тұра көпшілікке таратылуы адамның беделіне нұқсан келтіруі мүмкін.

Түркістан облысында әлеуметтік желіге жазылған осындай пікір үшін тұрғын әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Ол Facebook парақшасында мектеп директорын жемқор деп атап, оны «басшы болуға лайық емес» деген мазмұнда жазба жариялаған. Жәбірленуші бұл сөздерді негізсіз деп тауып, ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтірілгенін айтып сотқа жүгінген. Сотта құқық бұзушының кінәсі дәлелденіп, оған 465 192 теңге көлемінде әкімшілік айыппұл салынған. Кейін сот құқық бұзушының кешірім сұрағанын, жас отбасы екенін және жүктілігін ескеріп, айыппұл мөлшерін 30 пайызға қысқартқан.

Сөз бостандығы – кез келген адамға кез келген айыпты дәлелсіз тағу құқығы емес. Сын айтуға болады. Келіспеуге болады. Мемлекеттік органды да, басшыны да, белгілі бір шешімді де сынауға болады. Бірақ сын мен жала жабудың арасы жер мен көктей. Сын нақты әрекетке, шешімге, фактіге сүйенуі керек. Ал көрінеу жалған ақпарат адамның абыройына, қадір-қасиетіне немесе беделіне нұқсан келтірсе, оның құқықтық салдары болуы мүмкін.

Аймағымызда да әлеуметтік желі арқылы әйел адамның абыройы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтірген тұрғын жауапкершілікке тартылған болатын. Азаматша Д. әлеуметтік желіде әйел адам туралы жалған ақпарат таратып, оның беделіне зиян келтірген. Жазба жалпыға қолжетімді түрде жарияланған. Сотта азаматша өз кінәсін мойындап, пікір жазғанын растаған. Іс бойынша полиция қызметкерлерінің баяннаттары, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама, түсініктемелер, сот психологиялық-филологиялық сараптамасының қорытындысы және басқа да құжаттар дәлел ретінде қаралған. Нәтижесінде азаматша Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 73-3-бабының 2-бөлігі бойынша кінәлі деп танылып, айыппұл арқалады.

Әлеуметтік желі қолданушысының ең жиі айтатын уәжінің бірі – «Бұл менің жеке парақшам». Иә, парақша сіздікі болуы мүмкін. Бірақ егер ондағы жазба мен пікір көпшілікке ашық болса, оның қоғамдық сипаты пайда болады. Үйде

Басы 1-бетте

ДИПЛОМНАН БӨЛЕК ДӘЛЕЛ: ЕРІКТІЛІК ЕҢБЕГІ ЖАС МАМАНҒА ЖОЛ АШУЫ ТИІС

Жас маман жұмыс іздеп барғанда одан дипломы, мамандығы бойынша білімі, кейде еңбек өтілі сұралады. Ал студент кезінде жүздеген сағат еріктілікпен айналысып, іс-шара ұйымдастырып, адамдармен жұмыс істеп, команда басқарған тәжірибесі оның ресми еңбек жолына толыққанды енгізілмейді.

Осы жерде ойланатын мәселе бар: егер жас студент кезінде қоғамға қызмет етіп, нақты тәжірибе жинаса, неге оның еңбегі оқу бітірген соң еш жерде көрінбеуі керек?

Еріктілік – бос уақыт емес

Еріктілік туралы сөз болғанда, оны кейде «қоғамдық жұмыс», «бос уақытта жасайтын іс» ретінде қабылдайтындар бар. Бірақ қазіргі еңбек нарығының талаптарына қарасақ, еріктілік барысында қалыптасатын дағдылардың маңызы зор.

Ерікті жастар адамдармен қарым-қатынас жасауды үйренеді, жауапкершілік алады, уақытын жоспарлайды, командамен жұмыс істейді. Іс-шаралар ұйымдастырады. Кей жағдайда қиын жағдайда шешім қабылдауға тура келеді. Яғни, студент аудиторияда теориялық білім алып қана қоймай, қоғамдық ортада тәжірибе жинайды.

Мәселен, университетте оқитын студент екі-үш жыл бойы жастар жобаларына ерікті ретінде қатысып жүр делік. Ол ондаған іс-шараның ұйымдастырылуына атсалысты, бірнеше әлеуметтік бастаманы жүзеге асыруға көмектесті, жүздеген адаммен коммуникация орнатты. Бірақ оқуын тәмамдап, жұмыс іздеген кезде оның қолында тек дипломы бар.

Ал жұмыс беруші үшін диплом – маманның белгілі бір білім алғанын көрсететін құжат. Бірақ оның нақты ортада қаншалықты жұмыс істей алатынын дипломының өзі толық көрсете алмайды. Осы тұста еріктілік тәжірибесін ресми түрде растайтын құжаттың қажеттілігі байқалады.

«Еңбек өтілі» деген ұғымды кеңейту қажет пе?

Өрине, еріктілікті толыққанды еңбек өтілімен теңестіру мәселесіне абыайлап қарау керек. Себебі еріктілік пен ақылы еңбек – құқықтық және мазмұндық тұрғыдан екі бөлек ұғым. Дегенмен еріктілік қызметті жеке тәжірибе ретінде ресми түрде мойындауға болады.

Мысалы, студент оқуын аяқтаған кезде дипломмен бірге оның қоғамдық және еріктілік қызметін көрсететін қосымша сертификат немесе цифрлық портфолио берілсе, онда студенттің қанша уақыт еріктілікпен айналысқаны, қандай жобаларға қатысқаны, қандай міндет атқарғаны және қандай дағдылар қалыптастырғаны көрсетілсе, бұл қарапайым қағаздан әлдеқайда маңызды құжатқа айналуы

мүмкін. Өйткені жас маман жұмысқа орналасу кезінде «тәжірибем жоқ» деген мәселені осындай құжатпен нақты дәлелдер арқылы көрсете алады.

Мәселен, түйіндемеді: «2023-2026 жылдары жастар жобалары бойынша ерікті ретінде жұмыс істеді. 40-тан астам іс-шараға қатысты. Іс-шараларды ұйымдастыру, командалармен жұмыс, коммуникация және ақпараттық сүйемелдеу бағыттарында тәжірибесі бар» деген ақпарат тұрса, жұмыс беруші үшін үміткердің әлеуетін бағалау әлдеқайда жеңіл болар еді. Бұл жұмыс берушіге де тиімді.

Мәселені тек жастардың мүддесі тұрғысынан қарау жеткіліксіз. Мұндай жүйе жұмыс берушілер үшін де пайдалы болуы мүмкін.

Қазіргі таңда көптеген мекеме жас маманды жұмысқа қабылдағанда оның дипломына ғана емес, тәжірибесіне де қарайды. Бірақ оқу орнын жаңа бітірген адамның ресми еңбек өтілі болмауы – қалыпты жағдай. Осы жерде еріктілік тәжірибесі қосымша индикатор бола алады.

Жұмыс беруші жас маманның қандай ортада жұмыс істегенін, қандай міндеттер атқарғанын, адамдармен қалай тіл табысқанын бағалай алады. Әсіресе журналистика, коммуникация, мемлекеттік қызмет, білім беру, әлеуметтік сала, мәдениет, спорт, жастар саясаты секілді адамдармен тікелей жұмыс істейтін мамандықтарда мұндай тәжірибенің маңызы ерекше. Тіпті кейбір жағдайда студенттің қоғамдық ортадағы белсенділігі оның кәсіби қабілетінен де бұрын көрінуі мүмкін.

Мәселен, журналистика факультетінің студенті университетте білім алып жүріп жастар іс-шараларында ақпараттық сүйемелдеумен айналысса, әлеуметтік желіге мақала әзірлесе, сұхбат жүргізсе, іс-шарадан репортаж жасаса – оның мұндай тәжірибесі болашақ мамандығына тікелей қатысты. Бірақ бұл тәжірибе көбіне студенттің жеке архивінде немесе әлеуметтік желідегі жазбаларында ғана қалады.

Қағаз емес, нақты жүйе керек

Бұл ұсынысты жүзеге асыру үшін жай ғана «еріктілік сертификатын» таратып қою жеткіліксіз. Ең алдымен оның бірыңғай әрі ашық жүйесі

қалыптасуы керек. Студенттің еріктілік қызметі нақты ұйым тарапынан тіркеліп, атқарған жұмысы расталуы қажет. Мысалы, арнайы цифрлық платформада оның еріктілік сағаты, қатысқан жобалары, атқарған міндеттері белгіленіп отырса болады. Бір студент қайырымдылық акциясына қатысады. Екіншісі, экологиялық жобаға атсалысады. Үшіншісі, жастар форумын ұйымдастыруға көмектеседі. Төртіншісі, әлеуметтік осал топтармен жұмыс істейді. Олардың барлығының қызметі бір өлшеммен бағаланбауы тиіс. Сондықтан жүйеде тек «ерікті болды» деген белгі емес, оның қандай жұмыс атқарғаны да көрсетілгені дұрыс. Сонда оқу орнын бітірген кезде студенттің жеке қоғамдық портфолиосы қалыптасады. Бұл портфолионы болашақ жұмыс беруші де көре алады.

Қазір жастар арасында жиі кездесетін мәселенің бірі – дипломы бар, бірақ еңбек өтілі жоқ түлектердің жұмыс табуы. Ашығын айтсақ, жұмыс беруші «тәжірибең бар ма?» деп сұрайды. Жас маман «жоқ» дейді. Өйткені ол университетте төрт жыл оқыды. Ал оқумен қатар жасаған қоғамдық жұмыстары ресми еңбек тәжірибесі ретінде танылмады. Осыдан кейін парадокс пайда болады: жасқа тәжірибе керек, бірақ тәжірибе жайнау үшін оған алдымен жұмыс қажет.

Бұл шеңберді бұзудың бір жолы – студенттік кезеңде қалыптасқан тәжірибені дұрыс бағалау. Өрине, еріктілікті жұмыс тәжірибесінің толық баламасы деп көрсету дұрыс емес. Бірақ оны жас маманның қосымша кәсіби тәжірибесі ретінде мойындау – әділетті шешім.

Сонда студент оқу кезінде «бұл жұмысым кейін қажет болмайды» деп қарамайды. Керісінше, қоғамдық белсенділіктің кәсіби болашағына әсер ететінін түсінеді.

Ерікті болу – азаматтық жауапкершіліктің мектебі

Мәселенің екінші бір маңызды жағы бар. Еріктілік тек жұмысқа орналасу үшін қажет құралға айналмауы тиіс. Оның негізгі мәні – қоғамға пайда келтіру.

Жастардың еріктілікке араласуы азаматтық жауапкершілікті қалыптастырады. Қоғамдық

өзіңізбен өзіңіз сөйлесіп отырған жоқсыз. Пікіріңізді мыңдаған адамға көрсетіп отырсыз. Осы айырмашылықты түсіну маңызды. Бүгінгі эмоция ертең әкімшілік хаттамаға, ал жазба сот материалдарына айналуы мүмкін. Сондықтан пернетақтадағы әр батырманы баспас бұрын бір сәт ойланып алған жөн.

Біреудің кемшілігін сынауға болады. Бірақ оны қорлау міндетті емес. Бір мәселеге наразылық білдіруге болады. Бірақ қарсы тарапты балағаттау шарт емес. Биліктің әрекетіне күмән келтіруге болады. Бірақ нақты адамға дәлелсіз қылмыс немесе жемқорлық айыбын тағуға болмайды. Қоғамдық мәселені көтеруге болады. Бірақ жалған ақпарат тарату арқылы біреудің өмірін өзгертуге болмайды. Міне, әлеуметтік желідегі мәдениеттің шекарасы осы тұстан басталады.

Бір кездері «мәдениет» дегенде адамның қоғамдық орында өзін ұстауы, үлкенге құрметі, кішіге ізеті, сөйлеген сөзі айтылатын. Бүгінде осы ұғымға цифрлық мәдениет те қосылды. Адамның мәдениеті оның көшеде қалай сөйлегенінен ғана емес, әлеуметтік желіде қалай пікір қалдырғанынан да көрінеді. Біреудің қателігін көріп, оны қорлау – мәдениет емес. Келіспеген адамды балағаттау – мәдениет емес. Жалған ақпарат таратып, кейін «әзіл еді» деу – мәдениет емес. Өзгенің абыройын түсіріп, одан кейін «менің паракшам ғой» деу де жауапкершіліктен босатпайды. Заң адам өз әрекетінің шегін түсінбеген жерде қоғамдық тәртіпті қорғау үшін қажет. Ал өркениетті қоғамда адам қамаудан қорыққаннан емес, ең алдымен өз сөзінің салмағын түсінгені үшін балағаттамауы керек.

Бүгінде әлеуметтік желі адамның кім екенін көрсететін айнаға айналды. Біреу сол айнадан білімін көрсетеді, бірі өнерін көрсетеді, енді бірі ашуын төгеді. Бірақ экранның ар жағында заң да, адам да бар. Сондықтан келесі жолы ашумен телефонды қолға алып, әлдекімге тіл тигізерде бір сәт саралаған жөн. Өйткені өшірілген сөздің өзі сақталуы мүмкін. Ал сақталған сөздің соңы сотқа дейін жетуі мүмкін.

Әлеуметтік желіде еркін сөйлеуге болады. Бірақ еркіндік – жауапсыздық емес. Сөзді бақылау – цензура емес. Сөзді бақылау – ең алдымен өзіңді бақылау.

Тілек ҚАБЫЛ

мәселелерге бей-жай қарамауға үйретеді. Адамға көмектесудің, ортақ іске үлес қосудың маңызын түсіндіреді. Сондықтан мемлекет пен қоғам еріктілікті материалдық немесе мансаптық пайдамен ғана өлшемсеуі керек. Бірақ қоғамға қызмет еткен еңбекті бағалау да – маңызды мәселе.

Егер студент төрт жыл бойы өз уақытын бөліп, адамдарға көмектесіп, қоғамдық жобаларға үлес қосса, оның осы еңбегін кейінгі өмірінде көрсету мүмкіндік болуы тиіс. Бұл – марапат емес. Бұл – оның жасаған ісінің дәлелі.

Мүмкін, болашақта дипломмен қатар берілетін құжаттардың бірі студенттің қоғамдық белсенділігі мен еріктілік тәжірибесін көрсететін арнайы қосымша болуы керек шығар.

Оның атауы қандай болатыны – бөлек мәселе. «Қоғамдық қызмет портфолиосы», «Еріктілік тәжірибесі туралы сертификат», «Жастардың әлеуметтік белсенділік паспорты» немесе цифрлық форматтағы жеке портфолио болуы мүмкін. Маңыздысы – атауы емес, мазмұны. Құжатта студенттің нақты қандай жұмыс атқарғаны көрсетілуі керек.

Мұндай жүйе енгізілсе, бір жағынан жастардың қоғамдық белсенділігі артады. Екінші жағынан, жұмыс беруші жас маманның тек теориялық білімін емес, практикалық дағдыларын да бағалай алады. Ал ең бастысы – жас түлек жұмысқа орналасуға келгенде өзін «тәжірибесіз студент» ретінде емес, білім алған және қоғамдық ортада тәжірибе жинаған жас маман ретінде таныстыра алады.

Бұл – жастарға жасалған инвестиция

Жастардың жұмысқа орналасуы – тек олардың жеке мәселесі емес. Бұл – еңбек нарығының, білім беру жүйесінің және мемлекеттің ортақ мәселесі.

Бұл жерде басты мақсат – еріктілікті «еңбек өтіліне айналыдыру» ғана емес. Негізгі мақсат – жастардың студенттік кезеңде жинаған тәжірибесін жоғалтпай, оны кәсіби өміріне алып кіруіне жағдай жасау. Бүгін ерікті болып жүрген студент ертең елдің білікті маманына айналады.

Диплом – жастың не оқығанын көрсетеді. Ал еріктілік тәжірибесі – оның қоғамда не істей алғанын көрсетеді. Сондықтан болашақта жас маманды бағалағанда оның қолындағы дипломға ғана емес, студенттік жылдарында қалыптасқан тәжірибесіне де назар аударған жөн.

Өйткені еңбек нарығына дайын маман тек аудиторияда қалыптаспайды. Ол – қоғамдық ортада, адамдар арасында, нақты істердің ішінде шыңдалады. Егер сол еңбекті құжатпен бекітсе, жастардың болашағына жасалған маңызды қадам болмақ.

А.БАҚЫТУЫ

12 тамыз - Халықаралық жастар күні

БІЗ ЖАНБАСАҚ ЛАПЫЛДАП, АСПАН ҚАЛАЙ АШЫЛМАҚ

Жастар дегенде жалын мен жігер, ізденіс пен батылдық көз алдымызға келеді. Дәл осындай асқақ рухпен ақпарат айдынында келе жатқан киелі Жамбыл топырағында дүниеге келген облыстық «AR-AI» жастар газетінің орны қашан да бөлек. «Біз жанбасақ лапылдап, Аспан қалай ашылмақ?!» Назым Хикметтің осы бір отты жыр жолдарын ту етіп көтерген жастар газетінің ақпарат айдынына ақ желкенін керіп шыққанына да, міне, жиырма жылдан асты.

2004 жылы «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» заң қабылданып, елде жаңа серпіліс басталған тұста, республика бойынша аймақтар арасында тұңғыш рет арнайы жастар газетін ашу идеясы қолға алынды. Сол уақытта облыстық ішкі саясат департаментінің басшысы қызметін атқарған Масат Берік сынды идеология саласына жауапты тұлғалардың мекеме-кәсіпорын құрумен шектелмей, республика бойынша аймақтардың арасынан алғаш рет жастар газетін шығаруды қолға алуы тың бастама әрі айтулы оқиға болды.

Осы орайда «Жастардың өз басылымы болу керек» деген ойдың сөз жүзінде қалып кетпей, нақты іске асырылғанын ерекше айта кеткен ләзім. Оған негіз де жоқ емес еді. Ол уақытта облыстық газетте негізінен жасы үлкен кісілер еңбек ететін. Жастарды жұмысқа қабылдау былай тұрсын, олардың шығармашылығы, ғылыми ізденістері, жеткен жетістіктері мен азаматтық бастамалары туралы көп жариялана бермейтін. Сондықтан да жастарға жаңа мүмкіндік сыйлаған бастама бірден қолдау тапты деп ойлаймын, – деді газеттің бас редакторы Тұрсынбек Темірланұлы.

Басылым атауының да өзіндік мәні бар. Мұнда газет жас ұрпақтың Арын биік ұстауына, әпмақ Айдай айналасына арайын төгіп, шұғыласын шашып тұруына ықпал етсе екен деген ниет жатыр.

2022 жылдың тамызынан бері басылымды Тұрсынбек Темірланұлы басқарып келеді. Бұған дейін бұл қара шаңырақтың тізгінін Болат Бекжанов, Оралхан Дәуіт, Гүлнұр Ембердиева, Масат Берік, Дәулет Төленті, Біржан Сөктай сынды журналистика майталмандары ұстаған еді.

Журналистика саласында өзіндік орны бар осы аталған тұлғалардың бәрі де «Ар-Ай»-дың көшін алға бастап, аянбай еңбек етті. Оқырманға олжа боларлық ойлы дүние ұсынуға күш салды. Екі онжылдықтың бедерінде жастар басылымы талай таланттың тұсауын кесіп, шығармашылығын шындаған шеберханаға айналды. Бүгінде есімдері елге белгілі қаламгерлердің редакцияда қызмет атқарғанын ұжымдастары мақтанышпен айтады. Жалпы, 20 жыл ішінде жастар басылымында 100-ден астам адам еңбек етіпті. Ұжымның тарихында олардың әрбірінің өзіндік қолтаңбасы бар.

Қазіргі оқырманның талабынан шығу оңай шаруа емес. Өйткені ақпараттық технология қарқынды дамыған кезеңде күнделікті жаңалықтармен немесе жаза-жаза әбден жауыр болған дүниелермен ешкімді де қызықтыра алмайтынымыз ақиқат. Осы орайда газет оқырмандары сараптамалық материалдарды көбірек жариялауды талап етеді екен. Сонымен қатар сырлы сұхбаттарға да сұраныс жоғары. Әлеуметтік мәселелерді көтерген мақалалар да жақсы оқылады.

Тұрсынбек Темірланұлының айтуынша, жақында оқырмандар «қазақ қаламгерлерінің классикалық еңбектері туралы әдеби шолу беріп тұрсаңыздар» деген ұсыныс түскен.

Шыны керек, бұл ұсынысқа қуанып қалды. Өйткені, желідегі баябалардан жұрт жалыға бастағандай. Ақпараттың тасқынында ақ пен қараны ажырата алмаған талай замандасымыз алданып қалды. Кибербуллинг, интернет-алайықтық деген сұмдықтар да көптің зығырданын кайнатып жүр. Осындайда рухани дүниелерге сұраныстың арта түскені байқалады. Жаңағы ұсыныс та осындай ойдан туса керек. Оның үстіне Президенттің бастамасымен кітап оқу мәдениетін дамыту және зерделі ұлт қалыптастыру ісіне баса назар аударылуда. Бұл дер кезінде қолға алынған бастама. Біз де осынау онды іске үлес қосу мақсатында жаңа айдар ашып, ақын-жазушыларымыздың құнды мұралары туралы жариялауды жөн көріп отырмыз, – дейді газеттің бас редакторы.

Редакция құрамы сараптамалық мақалалар мен жас көшбасшылармен субелі сұхбаттарға, тарихи-танымдық дүниелерге басымдық берді. Басылым бетінде «Біз де студент болғанбыз», «Мамандығымызды өзгертеміз», «Білгім келген бір сұрақ», «Толғауы тоқсан тіршілік», «Менің анам», «Өнеге өрнектері», «Дала дәптері», «Ойтамыз» айдарлары тұрақты жариялануда. Сонымен қатар «Шамшырақ», «Диагноз», «Айна», «Жалын»,

«Жанартау», «Парасат-пайым», «Тіршілік», «Талбесік», «Көңілашар», «Зерде» және тағы да басқа арнаулы беттер бойынша мазмұнды мақалалар топтамасы ұсынылуда.

Газет бетінде мақаладан бөлек поэзия да ерекше орын алады. Фототілші – Алтынбек Қартабайдың архиві өте бай. Таспаға түскен суреттер тасада қалып қоймасын деп «Өмір-өлең» атты айдар жарық көрді. Мұнда әртүрлі суреттерге сай қазақ ақындарының сол тақырыпта жазған өлеңдері бой түзейді. Сонымен қатар жастар шығармашылығын қолдап, жаңа есімдердің танылуына да мүмкіндік жасап келеді. Өзекті мәселелерді көтерген өткір мақалалар да өз ретімен жарық көруде.

2023 жылдан бастап басылым аптасына екі рет, 12 бет болып шыға бастады. Бұл апталық ырғаққа үйренген ұжым үшін үлкен сынақ болғанымен, еңбек өнімділігін арттырып, ширата түсті.

Бұл шешім «Ар-Ай» газеті үшін оңай соққан жоқ. Өйткені апталық басылымның өзіндік ерекшелігі бар. Мұнда ресми ақпараттан гөрі субелі мақалаларға

Айжанның есінде қалған тағы бір ұмытылмас сұхбат – марқұм сатирик ағамыз Көпен Әмірбекпен болған әңгіме. Ол кісімен тек телефон арқылы танысып, сұхбаттасқан. Сұхбатты бір деммен жазып шықты. Кейін оқырмандардан да жақсы бағасын алды. Көпен ағамыз аға тілшіні «Айжан Әл-Тарази» деп атайтын. Кейін тағы бір сұхбат ұйымдастырып, оны өзінің кітабына қосамын деп жүрген еді. Бірақ, өкінішке қарай, ол кісі өмірден өтіп кетті. Кейін Айжанға танысы Көпен ағамыздың сол кітабына сұхбаттың енгенін айтып, кітаптағы жарияланған жерін суретке түсіріп жіберген. Онда апайымыздың аты-жөні «Айжан Әл-Тарази» деп жазылыпты.

Келесі кезекте газеттің тілшісі – Ақтоты Жаңабай газеттегі алғаш келгендегі оқиғасы туралы сыр шертті. Оның алғашқы еңбек жолы 2021 жылдың тамызындағы Байзақтағы қару-жарақ қоймасының жарылысымен тұспа-тұс келген екен.

Ол уақытта әлеуметтік желілер мен сайтқа жауапты болғандықтан, өңірдегі ахуалды минут сайын үзбей, жедел түрде жариялап отырдық. Міне, осындай үлкен қарбалас пен жауапты шақта жұмысымыз бастап кеттім. Бірақ бұл алғашқы қарбалас пен қиындықтар мені мүлде жасқандырған жоқ, керісінше, қорқынышты сөйлітіп, тез әрекет етуге үйретті. Алғашқы күннен-ақ осындай үлкен сынаққа тап болуым – мені журналистиканың шынайы ырғағына тез бейімдеп, шындап, ысылта түсті, – деді Ақтоты Жаңабай.

Журналист үшін қаламынан туған әрбір мақаланың орны ыстық. Әр күннің қарбаласы, ізденістері мен іссапарлары – бәрі ерекше естелік. Ақтоты осыдан бірер жыл бұрын «Жастар театрын ашуға не кедергі?» деген мақала жазған. Көп уақыт өтпей, университет қабырғасында қалыптасқан халықтық театр бөлек шығып, Тараз қалалық бұған театры құрылды. «Әрине, бұған мәдениет майталмандарының бастамасы көбірек ықпал еткені анық, дегенмен сол мақалам өзімнің де көңілімнен шыққан сапалы дүниелердің бірі болды» дейді тілші.



басымдық беріледі. Ал ондай материалдарды дайындау үшін уақыт керек. Әйтсе де ынтымағы жарасқан ұжым бұл өзгеріске де бірден бейімделді.

Осындай жұмыстарды жүзеге асыру барысында редакция қызметкерлері кәсіби біліктілік пен шығармашылық ізденісті ұштастыра білуде. Бұл тұрғыда бас редактордың орынбасары Талғат Нұрханов пен жауапты хатшы Шолпан Бөгенбаева ұжымға ұйытқы болып, ұйымдастырушылық қабілеттерін танытуда. Аға тілшілер Нұрмы Сырғабасов, Айжан Өзбекова, тілшілер Құралай Сейсенбекқызы, Ақтоты Жаңабай, Сымбат Қуаныш түрлі тақырыптарға қалам тербеп жүр. Ал бас дизайнер Ғани Сүгірәлиев, дизайнер-беттеуші Гүлнәзира Бектұрсынова газеттің кескін-келбетінің көзтартарлықтай көркем болып шығуына көңіл бөледі. Фототілші Алтынбек Қартабай да өз ісінің жас шебері. Ал қырағы корректор Ғалия Садыкова газет бетінде қате кетпеуін қадағалайды. Ағаинфо.kz сайттың контент-редакторы Меруерт Ибраимоваға жүктелген жауапкершілік те жеңіл емес, – деді Тұрсынбек Темірланұлы.

Газет бетінен біз тек дайын материалды көреміз. Ал оның артындағы уайым, ізденіс кадрдан тыс қалады. Әдетте әрбір басылған мақаланы жазу оқырман көзіне көрінбейтін қобалжу, елең ететін көз жасы, ұйқысыз түндер, қызықты кейіпкер іздеу, кейде, тіпті, мәселенің шешімін табумен өтеді. Ұжымның әңгімесінен батылдық, іздемпаздық, бір-біріне қамқорлық көре алдық. Бұл оқиғалар сіздің де жүрегіңізді бейжай қалдырмаз.

Мен үшін ең қиын әрі ең «ыстық» мақалаларым газетімдегі «Менің анам» айдарына шығады. Бұл айдардың кейіпкерлерімен сұхбаттасу бір жағынан қиындау болса, екінші жағынан өте қызық. Өйткені ана тақырыбы – өте нәзік. Кейіпкерлерімің көбінің анасы өмірден өтіп кеткен. Сондықтан сұхбат барысында өзіміз де түрлі эмоцияны бірге бастан кешіреміз.

Әдетте әңгімені алдымен диктофонға жазып аламын. Сол кезде бір жылап, бір күліп отырып сөйлесетін кездеріміз болады. Кейін сол әңгімені қағазға түсіргенде де әлгі көңіл күйді қайта көшемін, – деп аға тілші Айжан Өзбекова өз оқиғасымен бөлісті.

Журналистиканың қиындығы туралы жиі сөз қозғаймыз. Бірақ оқиғаны ашып айта бермейсіз. Сондықтан газеттің тілшісі Құралай Сейсенбекқызын да әңгімеге тартып, басынан кешкен жайт туралы айтып беруін сұрадық.

«Арай» газетінде жұмыс істеп жүріп, дайындау ең қиынға соққан, бірақ ең «ыстық» мақала – нақты тұрағы жоқтарға арналған. Кадрдан тыс қалған қызықты сәттер, қиындыққа душар болған жандардың бірінің анасын іздеп тапқан сәт. Енді бірін Алматы қаласындағы орталыққа ұйымдастырып, соңымнан қалмай, Таразға қайтып келген әжейдің қылығы есімнен кетпейді, – деді ол.

Байқасаңыз, әр журналистің жазу тақырыбы өзгеше. Бірақ дәл осы дүние оларды бір ұжымда тоғыстыра алды. Мүмкіндігінше, ұжымнан олардың не үшін осы ортаны жақсы көретінін сұрадық. Олардың жауабы «Мұнда шығармашылық ойлар, креативті идеялар мен интеллектуалды орта тоғысқаны үшін жақсы көремін. Журналист, корректор, дизайнер болсын – әрқайсысы өз ісінің нағыз шебері. Бұл жерден өзімнен пікірлес, әрелес рухтастарыңды таба аласың», «Бір-біріміздің кімнің нені жақсы көретінін, нені ұнатпайтынын білеміз. Тіпті кейде бір-біріміздің көңіл күйімізді сөзсіз-ақ, қас-қабағымыздан түсініп қоямыз», «Кейде жеке басымызда түрлі мәселелер болып жатады. Сондай кезде редакцияға келіп, жұмысқа кірісіп кетсең, көңіліңді басқа дүниеге бұрып, әлгі мәселелерді біраз уақытқа ұмытып қаласың. Жаныңдағы адамдармен сөйлесесің, күлесің, жаңа дүние іздейсің. Бұл да бір ем сияқты» деген жауаптар болды. Шынымен, нағыз бауырлар секілді.

«AR-AI» – рухтас, пікірлес жандардың қара шаңырағы. Құралай айтпақшы, «Жер бетін жүз айналасың да, дәл мұндай ортаны таба алмассың». Бұл – парағын ашқан сайын жастықтың оты шарптитын, өмірдің өзіндей шынайы, сыршыл әрі өршіл басылым. Кешегі жүріп өткен 20 жылдық тарихы қандай мазмұнды болса, ақ желкенін керген келешегі де сондай жарқын болмақ!

М.МАЙБЕКҚЫЗЫ



Айшабибінұр КЕНЖЕБАЕВА:

АРМАНЫҢНАН ҰЯЛМА

Басы1-бетте

– Әрбір үлкен жол шағын қадамнан және жүрек төріндегі ерекше сүйіспеншіліктен басталады. Сіздің түрік тіліне қызығушылығыңыз қалай қалыптасты? Түрік тілі пәнінің мұғалімі болу туралы шешім қабылдауыңызға не әсер етті?

Түрік тіліне деген қызығушылығым бір күнде пайда болған жоқ. Бала кезімнен түрік сериалдарын көріп, кейбір сөздерді мағынасына үңілмей-ақ қайталап жүретімін. Түрік тілінің өзгештігі, сөздердің бір-бірімен үйлесім табуы ерекше әсер ететін. Бірде түрікше сөздің мағынасын іздеп отырып, оның қазақ тіліндегі баламасына ұқсас екенін байқадым. Сол сәтте «Бұл тіл біз ойлағаннан да жақын екен ғой» деген ой келді. Осы қызығушылық біртіндеп үлкен ізденіске айналды.

Ал ұстаз болуымның басты себебі – өзім үйренген дүниені басқа адамға түсіндіруді жақсы көретінімді ерте түсінуімде. Бір дүниені түсінбей отырған адамның көзінен «ұқтым» сәтіндегі қуанышты көргенде, өзің де ерекше сезімге бөленесің. Мен үшін ұстаздықтың ең үлкен сыйы – осы.

Ең алғашқы сабағыңыз есіңізде ме? Сол кездегі жүрегі толқуға толы жас маман мен бүгінгі орнықты, бай тәжірибелі ұстаздың арасында қандай айырмашылықтар бар?

Алғашқы сабағымды ешқашан ұмытпаймын. Сабаққа дейін үйде бірнеше рет жоспарымды қарап, айнаның алдында сөйлеп дайындалғаным есімде. Тіпті, «Мына жерде оқушы сұрақ қойса, не айтамын?» – деп өзіме-өзім сауал қойып отыратыным. Бұрын «жақсы мұғалім – бәрін білетін адам» деп ойласам, қазір жақсы мұғалім оқушысының білмейтін тұсын түсініп, сол деңгейге дейін бірге бара алатын адам екенін ұқтым.

Ұстаздықтан бөлек, білім беру жүйесін құруға дейінгі жол әрдайым батылдықты талап етеді. Талай шәкірттің басын қосқан «World Education» онлайн түрік мектебін құру идеясы қалай туындады?

Бұл идея бір күнде «мектеп ашамын» деген шешімнен туған жоқ. Ол жылдар бойы шәкірттерден естіген сөздерден қалыптасты. Оқушыларым «Апай, сіздің сабағыңыз сияқты жүйелі курс таппай жүріміз» дейтін. Кейін өзіме «Оқушы ретінде өзім оқығым келетін курсты неге ашпасқа?» – деген сұрақ қойдым. Сол кездері онлайн білім беру қазіргідей кең таралмаған еді. Сондықтан алғашқы қадамдар оңай болған жоқ. Бірде түн жарымында келесі күннің сабақтарын жоспарлап отырып, «Мен қазір жай ғана сабақ өткізіп жүрген жоппын, өзім армандаған білім беру жүйесін құрып жатырмын» деген ой келді. Сол түні қатты қуандым. «World Education» осылай дүниеге келді.

Курстың білім нарығында еңбек етіп келе жатқанына 7 жылдай уақыт болды. Осы уақыт аралығында мектептің құрылымында, сабақ беру методикасында және жалпы білім беру үрдісінде өзгерістер болды ма?

Жеті жыл ішіндегі ең үлкен өзгеріс – білім беруге деген көзқарасымның жаңаруы. Алғашқы жылдары біз үшін басты мақсат оқушыға грамматиканы үйрету еді. Кейін грамматиканы білу мен тілді қолдану екі бөлек дүние екенін түсіндім. Сондықтан сабақтарымыз біртіндеп сөйлесуге, практикалық тапсырмаларға, тыңдалым, жазылым және күнделікті өмірдегі жағдайларға бейімделді. Бұрын оқушы қателесуден ұялатын болса, қазір біз қателесуді оқу процесінің бөлігі ретінде қабылдауға үйретеміз.

Ұстаздықпен қатар, сіз «Türkçem müthiş» кітабы арқылы авторлық қолтаңбанызды қалдырдыңыз. Осы еңбекті жазудағы басты мақсатыңыз қандай?

«Türkçem müthiş» кітабын жазу идеясы да шәкірттермен жұмыс барысында пайда болды. Мен бірнеше жыл бойы оқушылардың бір сұрақты қайта-қайта қоятынын байқадым. Кейде бір грамматикалық ережені он түрлі тәсілмен түсіндіруге тура келетін. Сол кезде «осының бәрін бір жүйеге келтірсем ше?» деген ой туды. Бұл кітап – менің 5 айлық еңбегімнің жемісі. Кітапты жазу кезінде «Егер түрік тілін енді бастап жатқан адам осы кітапты қолына алса, оған түсінікті бола ма?» деген сұрақты өзіме үнемі қойып отырдым.

Кітаптың атауының өзінде кішкентай мотивация бар. «Түрік тілім керемет» деп айту арқылы оқушы өзіне сенуді үйренсе екен делім. Өйткені тіл үйренуде кейде адамға кезекті грамматикалық ереже емес, «менің қолымнан келеді» деген сенім көбірек қажет.

– Бүгінгі таңда сабақтар әрі онлайн, әрі офлайн форматта қатар жүргізіледі. Осы екі форматтың басты айырмашылығы неде? Тілді меңгеру жылдамдығы мен білім сапасы тұрғысынан алғанда, қай формат өзінің тиімділігін жоғарырақ көрсетіп отыр?

– Менің ойымша, бұл жерде «қайсысы жақсы?» дегеннен гөрі «кімге қайсысы тиімді?» деген сұрақ дұрысырақ. Оффлайн сабақтың артықшылығы – тікелей қарым-қатынас. Мұғалім оқушының көзқарасынан-ақ оның түсінген-түсінбегенін байқайды, сыныптағы атмосфера да ерекше болады.

Ал онлайн форматтың мүмкіндігі өте кен. Оқушы қай қалада немесе қай елде тұрғанына қарамастан сапалы білім ала алады. Жұмыс істейтін, баласы бар немесе басқа қалада тұратын адамдар үшін бұл – үлкен мүмкіндік. Біздің тәжірибеде онлайн оқып, өте жоғары нәтижеге жеткен шәкірттер көп. Сондықтан білім сапасын формат емес, жүйе анықтайды.

– Күреске келетін жастардың үлесі қаншалықты жоғары? Қазіргі буынмен жұмыс істеудің өзіндік ерекшеліктері бар ма?

– Жастардың үлесі өте жоғары. Қазіргі жастардың білім алу мүмкіндігі бұрынғы буынмен салыстырғанда әлдеқайда көп. Олар ақпаратты тез қабылдайды, технологияны жақсы меңгерген, жана дүниені сынап көруден қорықпайды. Ең бастысы – өзіне инвестиция салудың маңызын түсінеді.

– Сабақ барысында немесе шәкірттердің жетістігін көргенде бойыңызды кернеген, ерекше жігер мен күш-қуат сыйлаған ұмытылмас оқиға туралы айтып берсеңіз.

– Шәкірттерімнің әр жетістігі мен үшін ыстық. Есімде ерекше сақталған бір оқиға бар. Шәкіртім алғаш келген кезде түрікше бір ауыз сөз айтуға қатты қысылатын. Сабақта сұрақ қойсам, тек жазбаша жауап беретін. Бір күні оған өте қарапайым: «Bugün nasılsın?» (Бүгін қалайсың?) деген сұрақ қойдым. Ол біраз үнсіз отырып, кейін ақырын ғана: «Çok iyiyim» (Өте жақсымын) деді. Сырт көзге бұл – екі-ақ сөз. Бірақ мен үшін ол екі сөз үлкен жеңіс еді. Сабақтан кейін ол маған «Апай, бүгін бірінші рет түрікше жауап бердім.



Бұрын менің қолымнан келмейді деп ойлайтын едім» деп жазды. Сол хабарламаны оқып отырып, мұғалімнің жұмысы тек сөз үйрету емес екенін тағы бір мәрте түсіндім. Кейде сен адамның өзіне деген сенімін қайтарасың.

– Сабақ өткізу, халықаралық конференцияларда жоба қорғау, оған қоса сүйікті отбасыңызға көңіл бөлу – осының барлығын бір арнаға тоғыстыру үлкен шеберлікті талап етеді. Барлығына үлгеріп, үйлесімділікте өмір сүрудегі тайм-менеджмент сырыңыз неде?

– Менің тайм-менеджментімнің басты қағидасы – бәріне бірдей уақыт бөлу емес, әр дүниеге өз уақытында көңіл бөлу. Күнді бірнеше бөлікке жоспарлауға тырысамын. Сабақтың уақыты – сабаққа, жұмыс уақыты – жұмысқа, отбасыма арналған уақыт – отбасыма.

Бірақ бәрі әрдайым жоспар бойынша жүре бермейді. Кейде баланың шаруасы шығады, кейде жұмыс күтпеген жерден көбейеді. Бұрын мұндайда өзімді кінәлі санайтынмын. Қазір өмірдің Excel кестесі емес санайтындым.

– Бүгінгі жетістікке жеткен, талай шәкірттің бағытын айқындаған Айшабибінұр бойжеткен кезіндегі, кішкентай Айшаға кезігіп қалса, оған не айтар еді?

– Егер кішкентай Айшамен кездесуге мүмкіндік берілсе, ең алдымен оны құшақтап алар едім. Кейін «Сен қазір бәрін білмеуің мүмкін. Кейде өзіңе күмәнданасың. Кейбір армандарың тым үлкен болып көрінеді. Бірақ қорықпа. Бір күні сен өзің армандағаннан да үлкен дүниелер жасайсың» деп айтар едім. Себебі бір кездері өзі білім іздеп жүрген кішкентай қыздың кейін басқа адамдарға білім беріп, олардың арманына қадам жасауына себепші болатынын ол кезде ешкім де ойламаған шығар. Арманыңнан ұялма. Үлкен армандардың басы кішкентай қадамдардан басталады. Бір күні сен өзіңмен мақтанатын боласың.

Әңгімелескен Мерей ШӘКРАТ

ЖОЛ ЕРЕЖЕСІН КІМ ЖИІ БҰЗАДЫ?

«Жол – қателікті кешірмейді» деген нақылды жиі естиміз. Рас-ақ. Көлік тізгініне отырған әр жүргізуші өз өміріне ғана емес, өзгелердің де тағдырына жауапты. Дегенмен қоғамда жылдар бойы талқыланып келе жатқан бір сұрақ бар: жол ережесін жиі бұзатын кімдер – ер азаматтар ма, әлде әйелдер ме?



сурет ЖИ арқылы жасалған

Бұл сұраққа эмоциямен емес, нақты статистикамен жауап берген жөн. Өйткені стереотип әрқашан шындыққа жанаса бермейді. Өткен жылы 30 мыңнан астам жол-көлік оқиғасы тіркелсе, 2026 жылдың алғашқы алты айында 15 188 жол апаты орын алды.

Тағы бір назар аударарлық дерек – жылдамдық жайында. Мәселен, 2024 жылғы статистикада адам шығынымен аяқталған жол апатына қатысты ер жүргізушілердің 20 %-ы жылдамдықты асырғаны анықталған. Әйелдер арасында бұл көрсеткіш 12%-ды құрайды. Жас жүргізушілер арасында айырмашылық одан да үлкен. 15-19 жастағы ер жүргізушілердің 36%-ы, ал әйелдердің 21%-ы жылдамдықты шамадан тыс асырады екен.

Полиция департаментіндегілердің айтуынша ағымдағы жылдың 7 ай 10 күнінде облыс көлемінде автокөлікті мас күйде басқарған адам саны – 525, қарсы бағытқа шығып басқарған – 226, жылдамдық асырудан – 82 696, ұялы телефонды қолданып көлік басқарған – 9 252, қауіпсіздік белдігін тақпаған – 27 466 дерек анықталса, жолды белгіленбеген жерден өткен 6 565 жаяу жүргінші әкімшілік жауапкершілікке тартылған.

Дегенмен бұл жерде бір маңызды жайтты ескеру қажет. Ер адамдар, жалпы алғанда, әйелдерге қарағанда көлікті көбірек жүргізеді. Олар ұзақ сапарларға жиі шығады, ауыр техника мен жүк көліктерін басқарады, жұмыс бабымен көбірек жол жүреді. Сондықтан олардың құқық бұзушылық санының жоғары болуының бір себебі – жолда өткізетін уақытының көптігінен. Сарапшылар мұны «жүрілген кашықтық әсері» деп түсіндіреді.

Алайда тек жолда көбірек жүрудің өзі барлық айырмашылықты түсіндірмейді. Мамандардың айтуынша, ер адамдар арасында тәуекелге баруға бейімділік жоғарырақ болады. Жылдамдықты арттыру, қауіпті басып озу, бағдаршамның қызыл түсінен өтіп кету немесе жол қозғалысыкезіндебасқакөліккежолбермеу сияқты әрекеттер көбіне ер азаматтардың қатысуымен тіркеледі. Мұндай мінез-құлық, тез ашуға берілу немесе сол жол бермеген көлік жүргізушісімен бақталасу апаттың ауырлығын арттырады.

Ал нәзікжандылардың жүргізу мәнері өзгеше. Көптеген зерттеу әйелдердің сақтыққа көбірек мән беретінін көрсетеді. Олар жылдамдықты сирек асырады, қауіпсіздік белдігін жиі тағады және жол қозғалысы ережелерін бұзбауға тырысады. Әрине, әйел жүргізушілер де жол апатына ұшырайды немесе ереже бұзады. Бірақ мұндай оқиғалардың басым бөлігі материалдық шығынмен ғана аяқталып, адам өміріне қауіп төндіру ықтималдығы төмен болады.

Бұл дерек қоғамдағы қалыптасқан көзқарасты қайта қарауға негіз береді. Өйткені жүргізушінің кәсіби деңгейін оның жынысына қарап емес, жолдағы мәдениетіне қарап бағалау әлдеқайда әділ. Мәдениеттіне қарап деп отырғанымыз жол үстінде бір-біріне жол беру, жолда қандай да бір кем түс болса соны байқап келесі көлік жүргізушісіне ескерту, көліктегі дұрыс емес дүниелерді сырттан байқаса айтып жіберу секілді.

Қазақстандағы жағдай да әлемдік үрдістен алшақ емес. Ішкі істер органдарының мәліметтерінде ауыр жол-көлік оқиғаларының басым бөлігінде ер адамдардың көлік басқарғаны байқалады. Бұған ерлердің жалпы жүргізушілер арасындағы үлесінің көп болуы және олардың жолда жиі жүруі әсер етеді. Сонымен қатар жол полициясы жыл сайын тіркейтін негізгі құқық бұзушылықтардың қатарында жылдамдықты асыру, қарсы бағытқа шығу, қауіпсіз арақашықтықты сақтамау және мас күйінде көлік жүргізу секілді әрекеттер бар. Мұндай құқық бұзушылықтар көбіне ауыр зардаптарға әкеледі.



Шын мәнінде, мәселенің түп-төркіні жыныста емес, жауапкершілікте жатыр. Себебі жол ережесін бұзатын әйел де, ер адам да табылады. Бірақ статистика қауіпті құқық бұзушылықтардың көбі ер жүргізушілердің үлесінде екенін көрсетеді. Бұл барлық ер азамат жол ережесін сақтамайды деген сөз емес. Керісінше, миллиондаған ер жүргізуші күн сайын жолда тәртіп сақтап, өзгелерге үлгі көрсетіп келеді. Сол сияқты барлық әйел жүргізушіні мінсіз деуге болмайды. Ия, нәзікжандылар да көлікті көп жағдайда қалағаннан емес, отбасылық өмірде жолдасына көмек болсын деп жүргізеді. Нақты айтар болсақ, балаларын сабаққа апару, жұмысқа уақытылы бару, жары жоқ сәтте өз қажеттіліктеріне өзі бара алу секілді отбасылық өмірдегі кейбір мәселелердің оң шешімі болу мүмкін.

Жол қозғалысы – тәртіп пен мәдениет-тің көрсеткіші. Әрбір жүргізуші бір сәттік асығыстықтың немесе артық тәуекелдің орны толмас қайғыға әкелуі мүмкін екенін ұмытпауы керек. Бірнеше минут ұту үшін адамның өмірін қатерге тігу ешқашан ақталмайды. Жылдамдықты арттыру, шектен тыс эмоция мәселенің шешімі емес.

Түйін: Халықаралық статистикаға сүйенсек, жол ережесін жиі әрі қауіпті түрде бұзатындар – көбіне ер азаматтар. Олар жылдамдықты жиі асырады, тәуекелге көбірек барады және ауыр жол-көлік оқиғаларына жиірек ұшырайды. Ал әйел жүргізушілер сақтыққа бейім болғандықтан, олардың қатысуымен болатын ауыр апаттар салыстырмалы түрде аз кездеседі. Дегенмен ең басты қорытынды – қауіпсіз жүргізу мәдениеті адамның жынысына емес, оның жауапкершілігіне байланысты. Жолда тәртіп сақталған жерде ғана өмірдің шамы сөнбейді, отбасының құлкісі үзілмейді, қоғамның тыныштығы сақталады.

Фариза ТӨРЕХАНОВА

БАҚЫТЖАН ЗАИР,
КӨЛІК ЖҮРГІЗУШІ:

БІРНЕШЕ МӘРТЕ
ЖЫЛДАМДЫҚ АСЫРДЫМ

– Көлік тізгінінде жүргеніме 25 жыл болды. Осы уақыт ішінде әртүрлі жол жағдайларын бастан өткердім. Жүргізуші үшін ең бастысы – тәжірибемен қатар жауапкершілік пен жол қозғалысы ережелерін қатаң сақтау. Ұзақ жылдық тәжірибеде кейде жылдамдық режимін байқамай асырып кеткен жағдайлар болды. Мұндай қателіктерден сабақ алып, кейіннен жол ережелерін барынша мұқият сақтауға тырыстым. Себебі жолдағы қауіпсіздік – әр жүргізушінің ортақ міндеті.

Менің ойымша, жол ережесін көбіне ер азаматтар бұзады. Өйткені ерлердің арасында жылдамдықты асыруға немесе тәуекелге жиі баратындар кездеседі. Дегенмен, жолдағы тәртіп жынысқа емес, адамның мәдениеті мен жауапкершілігіне байланысты. Сондықтан әр жүргізуші қауіпсіздікті бірінші орынға қойғаны дұрыс.

МӨЛДІР ӘБІЛӘКІМОВА
КӨЛІК ЖҮРГІЗУШІ:

КЕЙ ӘЙЕЛДЕР ӨЗІНЕ СЕНІМДІ ЕМЕС

– Есептеп қарасам, 15 жылдан бері көлік жүргіземін. Осы уақыт ішінде жүргізушілік тәжірибемді шыңдап, жолда ең бастысы – сақтық пен жауапкершілік екенін түсіндім. Көлікке деген қызығушылығым 18 жасымнан басталды. Сол кезден бері жүргізушілікке ерекше ынта танытып, тәжірибе жинақтадым. Нақты қанша рет болғаны есімде жоқ. Дегенмен, жол қозғалысы ережесін өрескел бұзған емеспін. Әрдайым жолдағы тәртіп пен қауіпсіздікті сақтауға тырысамын.

Қазіргі таңда көлік ер адамдарға ғана емес, әйелдерге де аса қажет. Қарбалас өмірде уақытты тиімді пайдалану үшін әрбір әйелдің көлік жүргізге білгені дұрыс. Байқауымша, кейбір әйел жүргізушілердің өзіне деген сенімінің жеткіліксіздігі жолда қателік жіберуіне себеп болып жатады. Дегенмен, жолдағы тәртіп жынысқа емес, жүргізушінің тәжірибесі мен жауапкершілігіне байланысты.

АВТОМЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ
70 ПАЙЫЗЫ — ӘЙЕЛДЕР

– Қазіргі уақытта автомектепке оқуға келушілердің басым бөлігін әйелдер құрайды. Статистикаға сүйенсек, білім алушылардың шамамен 70 пайызы – әйелдер, ал 30 пайызы – ер азаматтар, – дейді Дархан ағай.

– Сондай-ақ, «жол ережесін қазіргі кезде әйелдер жиі бұзады» деген пікірмен келіспеймін. Себебі әйелдер автомектептегі сабақтарға уақытылы қатысып, теориялық білімді тұрақты меңгеруге және жол белгілерін мұқият жаттауға ерекше жауапкершілікпен қарайды. Кейінгі уақытта жүргізуші куәлігін алу үшін өткізілетін теориялық тестілеуде де әйелдер жоғары нәтиже көрсетіп жүр. Бұл олардың жол қозғалысы ережелерін жақсы меңгеріп, дайындыққа тыңғылықты қарайтынын аңғартады.

Айдынды Арал мен Жаңақорған аралығында тамырсыз тасы да тарихтан сыр тартатын Сыр өңірінде қойнауы талай ғасырға жететін рухани құндылық жатыр. Оның әрбірінің өзіндік мән-маңызы бар. Инемен құдық қазғандай еңбекпен археологтардың топырақтың астынан қазып алған жәдігерлердің өзі көненің көзіндей құнды. Десек те, Қызылорда өңіріндегі ең танымал бес археологиялық ескерткішке тоқталғанды жөн көрдік. Біз бесеуіне ғана тоқталамыз, ал шын мәнінде мұндай нысандар жүздеп, тіпті мыңдап кездеседі. Біз ЮНЕСКО-ның бүкіләлемдік мұралар тізіміне енген осы бес нысан туралы айталық.

Тарихи деректерде атауы көптеп кездесетін Сығанақ қалашығы – Қыпшақ хандығының, кейіннен Ақ Орданың және Қазақ хандығының алғашқы астаналарының бірі. Жаңақорған ауданында орналасқан бұл нысанда үлкен мешіттер, медреселер мен кесенелердің орны табылып, қалпына келтіру жұмыстары жүріп жатыр.

Тарих беттерінде бұған дейін жазылғандай, 1219 жылы оны Оңтүстік Қазақстанның басқа қалалары сияқты моңғолдар талқандап, талаң-таражға салды. Сығанақтықтар әуелі моңғол бітімгерлерін өлтірді. Бұл үшін қала ауыр жазаға тартылды, А.Ю.Якубовскийдің айтуы бойынша, соның салдарынан тұтас жүз жыл бойы бұл қала шығар, шықпас жаны бар өлі қалаға айналды. Бұл туралы Сығанақ (Сыгнах түрінде) атауы XIII ғасырда тек армян тарихшысы Керакостың шығармаларында кездеседі, дұрысы, ол қалаға емес, кезінде қала болған жерге жатады. Сонымен қатар, мәселен, Сауран өте үлкен әрі сәулетті қала ретінде сипатталады.

Сығанақ XIV ғасырдан бастап қайта өрледі. Осы ғасырдың соңында саяси маңызы күшейіп, Ақ Орданың астанасына айналды. Жошының үлкен ұлы Орда Ежен негізін қалаған бұл хандық Шыңғыс хан Жошыға берген ұлыстың шығыс бөлігін қамтыды. Дешті Қыпшақ кеңістігінде, яғни Қыпшақ даласында Орда Ежен ұрпақтары шын мәнінде тәуелсіз, тек Алтын Орда хандарына шартты түрде тәуелді болды. Хандықтың алғашқы астаналық ауқымы Ертістің жоғары сағасындағы Алакөл жағалауында жайғасты. XIV ғасырда орда Сырдарияның жағасындағы Сығанақ қаласына көшеді. Мұнда Ақ Орда хандары (Ерзен, Орыс хан, Токтамыс және басқалары) өз теңгелерін соққан. Ақ Орланы Орыс хан билеген уақытқа Сығанақ ерекше өркендеді. Алайда ақордалықтардың алауыздығы қазіргі Оңтүстік Қазақстан өңірінің Темір мемлекетіне бағынуына алып келді.

1383 жылы қаланың теңге сарайында Әмір Темір өз ақшасын шығарды. 1384-1395 жылдары Сығанақ алтынордалықтар мен Әмір Темірдің арасындағы тартыстың орталығына айналды. XV ғасырдың басында қаланы Әмір Темірдің немересі Ұлықбек бағындырды. Алайда 1423 жылы Барақ ханның әскері Сығанақты басып алып, Темір әулетінің өкілдерін қаладан қуып шығарды. 1446-1468 жылдары қала Әбілхайыр мемлекетінің құрамында болды. Рузбиханның пікірінше, Әбілхайыр хан Сығанақта жерленген. Бүгінгі күнге дейін сақталмаған Көк-Кесене ханның қабірі саналады. XV ғасырдың 80-жылдары қаланы қазақ ханы Бұрындық биледі, ал оның маңайы қазақ тайпаларының қысқы қоныстарына айналды. Осы кезден бастап Сығанақ пен оның төңірегі біржола Қазақ хандығына қаралды және негізгі саяси, экономикалық орталықтардың бірі саналды. XV-XVIII ғасырларда қала бұрынғысынша сауда және колонер орталығы болды. 1598 жылы қаланың төңірегінде мекендеген қарақалпақтар туралы алғашқы деректер кездеседі. Ұлы Жібек жолының дағдарысы мен көршілес өзбек, жоңғар билеушілерінің шабуылдары Сығанақтың өз маңыздылығын жоғалтуына алып келді. Қаланың орталық бөлігі XVII ғасырдан бастап зырат ретінде қолданылған. XVII-XVIII ғасырларда бірнеше рет жоңғар шапқыншылығына ұшырады. Осы шапқыншылықтар және басқа да әртүрлі себептерден қала бірте-бірте өзінің өмір сүруін тоқтатты (XIX ғасырға қарай). XIX ғасырдағы коқандықтардың

көне қаланың айналасындағы қаланған Сунаката бекінісі орыс-қоқан соғысы кезінде қиратылды.

Жанкенттің де өз алдына тарихы бар. Аңыз бойынша Жанкентті билеп тұрған қатыгез Санжар хан Қарабұра Әзім әулиенің қаһарына ұшырап, 1153 жылы қарауындағы халқымен бірге опат болады, сақталған жазба деректерге сүйенсек, 1219 жылы күзде Жанкент қаласына моңғолдар шабуыл жасайды. Халықты қырып, қаланы өртеп жібереді. Отқа оранған қаланың үстімен қаһарлы Жошы хан шауып өтеді.

Жанкент шаһарының пайда болу тарихы негізінен алғанда «Бегім Ана» аңызының тарихымен пара-пар. Міне, осыдан соң, ондаған жылдардан кейін ғана қала халқы өздерінің сауда мен колонер кәсіпшіліктеріне қайта кіріседі. Қала XIV ғасырда бұрынғы қалпына келеді. Енді жаңа Жанкент араб – мұсылман мәдениетінің орталығы саналады. Осылайша «мың өліп, мың тірілген» Жанкент тағы бір ғасыр өткен соң мәңгілікке жойылады. Яғни, XV ғасырдан бері қаланың көне тарихтың куәсіндей томпып орны ғана жатыр.

Әл-Жувейнидің, Ан-Насавидің және Әл-Омаридің кейбір еңбектерінде ол “Шакаркент” деп те берілген. В.В.Бартольдтің пайымдауынша, Жанкент X-XI ғасырларда Оғыз мемлекеттік бірлестігі билеушілерінің қысқы ордасы болған. Жанкентте 1867 жылы П.И.Лерх және М.К.Приоровтар кішігірім қазба жұмыстарын жүргізіп, жобасын түсірген. Зерттеуді келесі жылы (1868) В.В.Верещагин жалғастырды. Ал 1946 жылы Хорезм археология-этнография экспедициясы (жетекшісі С.П.Толстов) кешенді зерттеу жұмыстарын жүргізіп, қаланың нақты жобасын сызып,

болды да, оны айнала басқа құрылыстар өріс алды. Сірә, скиф көсемдерінің немесе патшаларының қорған-жерлеу құрылыстарынан соң осы қорған-модаларды күзететін адамдар орнығып, ол соңынан үлкен елді мекенге айналып, сырты мұнаралары бар сопақша қабырғалармен қоршалған да, оның сыртын айналдыра терең ор қазылған. Бұл қабырға, болжамдап айтқанда, б. з. д. IV ғасырда бой көтерген. Көне қорғандарды айналдыра тұрғызылған тікбұрышты сыртқы қорған бір уақытта салынған деуге болады. Бұл көне фортификациялық құрылыстар, дөңгелек, шаршы тәрізді қорған-жерлеу құрылыстарына қарағанда уақыт жағынан кейінірекке жатқызылады. Шаршы тәрізді құрылыс көне қорғандардың бірінің аумағында орналасса, ал дөңгелек құрылыс қорғаныс қабырғасының жүйесіне еніп, қалашық өмірінің соңғы кезеңінде – б.з.д. III ғасыр мен II ғасыр басында тұрғызылды. Сірә, қалашықтың бүкіл жан-жағын қорғанмен қоршап шығу мүмкін болмай, оның оңтүстік-батыс бөлігі жаңа тұрғызылған қабырға арқылы бөлініп қалған болар. Шірік-рабаттың осы бөлігінің қалған қабырғалары, олардың сақталуы бойынша болжап айтқанда, жөндеуден өткен. Жерлеу құрылыстарының аяқталған тобы тұрған табиғи төбені Жаңадария өзені орап өтіп жатыр. Сөйтіп, көне қала өз тіршілігінің соңғы сатысында қазіргі уақытқа дейін үлкен әсер туғызып келе жатқан кейіпке енді.

Асанас қалашығы – Сырдария ауданында орналасқан, Шыңғыс хан шапқыншылығына қарсы тұрған Сыр бойындағы атақты ортағасырлық қалалардың бірі.

Қызылорда қаласының оңтүстік-шығыс жағында 48 шақырым жерде орналасқан.

Қала орны Асанас өзенінің құрғақ арнасы бойында орналасқан. Цитадельдің аумағы 40х50 м, айналадағы деңгейден биіктігі 14 м. Орталық бөлігін қоршай орналасқан шаһристанның үлкен қабырғасы 300 м, кіші қабырғасы 200 м. Қорған қалдығының ені 15 м, биіктігі 5 м. Қазба кезінде жиналған қыш ыдыстар мен басқа да археология материалдар қаланың VI-XV ғасырлар аралығында болғанын көрсетеді.

Жазба деректерде моңғол шапқыншылығынан бастап (1220) белгілі. Жауға табанды қарсылық көрсеткендіктен жермен жексен қиратылып, халқының көпшілігі қырылған. Сырдарияның бойындағы басқа да қалалар сияқты көп ұзамай қайта қалпына келтіріліп, XIV-XV ғасырларға дейін болған. Алғаш 1899 жылы В.А.Каллаур, кейінірек 1960-1961, 1968 жылы Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы (Н.Н. Вактурская) зерттеген.

Бәбіш Молда – б.з.б. 4-2 ғасырдай сақталған археологиялық ескерткіштер кешені. Сырдарияның көке арнасында (Жаңадария) орналасқан. 1950 жылы Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедиция (жетекшісі С.П.Толстов) зерттеген. Ескерткіштер тобына қала-бекіністер, жерлеу құрылыстары, бірнеше қоныстар және суландыру жүйелерінің қалдықтары жатады. Бәбіш Молда ескерткіштер кешеніндегі бекікіс-қала қалашығы пахсалы қолдан үйілген төбеле орналасқан, күйдірілмеген кірпіштен қаланған қамалмен (қалыңдығы 5,3 метрге жуық) қоршалған. Қаланың төртбұрышты қорғанының (100х100) өн бойында мұнаралары, ішінде төртбұрышты (44х44) сарай ғимараты болған. Батыс жағындағы күрделі құрамды пахсалы алаңдары (биікт. 3,5 м, аум. 30х30 м) төртбұрышты жерлеу ғимараты (21х21 м, биікт. 7 м) 4 бөліктен тұрады. Өзара қиылысқан екі дәлізбен бөлінген. Қабырғалары күйдірілмеген үлкен (40х40х10) кірпіштерден қаланған. Дәліз бен қабірхананың төбесі трапеция пішінді кірпіштерді қисайта қалау тәсілімен күмбезделіп жабылған. Мүрделер қабірхананың еденіне және оссуарийларға (арнаулы қыш табыттарға) жерленген. Бәбіш Молда кешенінің құрамындағы басқа да кішігірім ежелгі қоныстар тобы суландыру каналының бойына орналасқан.

Ұланғайыр атырап төрінде тарих беттерінен орындарын ойып тұрып алар талай орын бар. Құнды жәдігерді қойнауына бүккен қазақ даласының құпиясын әлі де аша алған жоқпыз. Бала күнімізде «Қызылға қарай бағыт алған әр төбенің астында қала бар» деген сөзді өңірге сапарлап жүрген белгілі археолог Мадияр Елеуов сан мәрте дәлелдеп берді. Сыр тұнған Сырдария да осы құпияларды ішіне бүккен күйі сылдырап ағып жатыр...

Әзірлеген
Аян СПАНДИЯР



Суреттер ашық дереккөзден алынды



Басы 1-бетте

Кәмшат Бекділдақызының негізі мамандағы мұғалім болса да, бұл салаға әлі күнге қадам басқан емес. Кішкентай атқамінер ұлдары ес білгенше аталған салада қызмет етуді болашақтың еншісіне қалдырған. Бірақ бұл тұлға ретінде дамуды кейінге қалдырды деген сөз емес. 2022 жылдың қаңтар айында сәби сүйіп, бала күтіміне байланысты демалысқа шыққан ол үйде отырған уақытын пайдалы өткізуге тырысып келеді. Бос уақытында әлеуметтік желілерді қарап жүріп, тойбастар мен тойтабақ жасайтын паракшаларға қызығушылық танытады. Тіпті осы бағыттағы дайын шаблондары бар бірнеше арнаны сатып алғаны да уақыт ете келе пайдасына жарады. Алайда бірден жұмысқа кірісіп кетпей, алты ай уақыт ештеңе жасамай, идея іздеуге тырысып бақты.

– Алғашында бұл кәсіпке жай ғана қызығып қарадым. Үйде жүргенде бір нәрсемен айналысқым келетін. Бала күтімімен отырған әйел бала тәрбиесі мен үй тірлігіне беріліп, кейде өзін ұмытып кетеді ғой. Осындай сәттерде мен де өзімді бір нәрсеге бағыттағым келді. Сол қызығушылық кәсіп бастауға түрткі болған шығар, – дейді кейіпкеріміз.

Оның кәсіпке алғашқы қадам жасауына жақындарының қолдауы да ерекше ықпал еткен. Іштей бизнес жасауға бел буған ол бірде енесі мен жолдасына тойтабақтардың суреттерін көрсетіп, осы іспен айналысқысы келетінін айтады. Жақындары оның бұл бастамасын қолдап, көп ұзамай қажетті құралдың алғашқысы – принтер да сатып алынады.

«Жұмысымды нәтижелі жасауыма жолдасым мен енемнің көмегі көп болды. Сол кісілердің қолдауынан кейін көрнекілік жасауға білек сыбана кірістім. Қайным екеуіміз нарықты зерттеп, өзімізге қолайлы принтерді таңдадық. Сөйтіп, 2022 жылдың маусым айының ортасында жұмысымды бастадым», – дейді ол.


Бүгінде бизнес саласында жастардың қарасы қалып. Бұрын тұрақты жұмысқа орналасу басты мақсат болса, қазір өз кәсібін ашып, тәуелсіз табыс табу трендте тұр. Әсіресе, цифрлық технологияның дамуы, мемлекеттік қолдау бағдарламалары жас кәсіпкерлерге үлкен мүмкіндік екені рас. Алайда бизнес бастар алдында кез келген жас «қай саланы таңдау маңызды?» деген сауалға жолығады. Бүгін осы тақырыпты кеңінен тарқатуды жөн көрдік.

ОНЛАЙН БИЗНЕС – КЕЛЕШЕКТІҢ КӘСІБІ

Зерттеулер көрсеткендей, бизнесті бір саладан іздемес бұрын, адамның қабілет пен қызығушылығын және нарықтағы сұранысты ескерген дұрыс. Себебі бір адам үшін табысты болған кәсіп екінші адамға сәйкес келмеуі мүмкін. Сондықтан бизнестің бағытын таңдау кезінде осы факторларға баса назар аударған жөн.

Қазіргі таңда қызмет көрсету саласы – ең қолжетімді бағыттың бірі. Бұл бизнесті бастау үшін көп жағдайда үлкен инвестиция қажет емес. Ең бастысы белгілі бір дағдыны меңгеріп, жауапкершілік арқалай алу керек. Мысалы, графикалық дизайн, SMM қызметі, видеомонтаж, фотография, мобилография, аударма қызметі, репетиторлық, бухгалтерлік немесе заңгерлік кеңес беру – жоғары сұранысқа ие салалар қатарында. Әлеуметтік желілердің дамуына байланысты мұндай қызметтерге жыл сайын қажеттілік көбейіп келеді. Себебі бір ғана ноутбук пен интернеттің көмегімен үйден шықпай-ақ тұрақты табыс табуға болады.

Цифрландыру дәуірінде интернет арқылы кәсіп жүргізудің тиімді тұсы көп екенін айттық. Осы тұста жалға алынатын кеңсенің немесе үлкен дүкеннің қажет болмауы онлайн бизнес бастаушыға үлкен көмек екені сөзсіз. Әрі бұл салада тұтынушыны жергілікті қаладан ғана емес, елдің кез келген өңірінен табуға мүмкіндік бар. Интернет-дүкен ашу, маркетплейстер арқылы сауда жасау, әлеуметтік желіде өнім



БОЛАШАҒЫ БАР БАҒЫТ ҚАЙСЫ?

КІШКЕНТАЙ ИДЕЯ ҚАЛАЙ ҮЛКЕН КОМПАНИЯҒА АЙНАЛАДЫ?

сату, цифрлық өнімдер әзірлеу, онлайн курс ұйымдастыру, блог жүргізу және жеке бренд қалыптастыру секілді онлайн бизнестің бірнеше түрі бар. Демек табыс табымын деген адам үшін ешқандай кедергі жоқ.

Айта кету керек, ақпараттық технологиялар – ең перспективалы сала. Әлемде IT саласы қарқынды дамып келе жатқанын ескерсек, жастардың цифрлық технологияға қызығушылығы ұзақ мерзімді кіріс әкелуге мүмкіндік береді. IT бағытындағы мобильді қосымша әзірлеу, веб-сайт жасау, бағдарламалық қамтамасыз ету, жасанды интеллект негізінде жұмыстар, киберқауіпсіздік қызметтері, автоматтандыру жүйелері секілді кәсіптер болашақта да ең қажетті сала болып қала береді. Әрі бұл – халықаралық нарыққа шығу мүмкіндігі жоғары сала.

Ауыл шаруашылығы десе көз алдымызға кеңге созылған егіс даласы немесе жайылымдағы төрт түлік елестейтіні рас. Алайда бұл салада шағын кәсіптен бастап, табысты бизнеске айналдыруға болатын бағыт көп. Мысалы жылыжай немесе омарта шарушылығы, құс өсіру, көкініс пен жеміс баптау, сүт өнімдерін дайындау сөзімізге дәлел болады. Қазақстан – аграрлық әлеуеті жоғары мемлекет. Сондықтан бұл салада еңбек етемін деген жастар үшін мүмкіндік көп.

Егер бастапқы капитал жоғары болса, жастарға шағын өндірісті де қолға алуға болады. Кейінгі жылдары отандық өнімге деген қызығушылық артып келеді. Бұл бағытта жиһаз жасау, ұлттық

қуаныш сыйлайтыны рас. Бұл пікірге кейіпкерімізде толықтай келісетінін жеткізді.

– Үйде жүріп жұмыс істеудің маған ұнайтын тұсы – үйдің тірлігін бітіріп, баланды жанында ұстап отырып та табыс таба аласың. Кейде тыныштықта, кейде теледидар көріп отырып тапсырыс қырқасың. Әрине, кейде бәріне үлгермей қалатын кездер де болады. Бірақ өзін таңдаған жұмыспен айналысудың өзі адамға қуаныш береді, – дейді К.Әбжам.

Кейіпкер «кәсіп бастау үшін міндетті түрде үлкен қаражат қажет» деген пікірді жокқа шығарды. Оның ойынша, ең бастысы – адамның ниеті мен әрекеті маңызды рөл атқарады.

«Бизнесті бастап кетуге қомақты қаражат міндетті емес деп ойлаймын. Басында қолыңда бар мүмкіндікті пайдаланып бастау керек. Идеалды жағдайды күте бермей, бар дүниемен әрекет ете бастаған дұрыс», – дейді ол.

Кәмшаттың кәсіпті бастау жолында ерекше есте қалған бір оқиғасы бар. Бірде WhatsApp-та таныс апай одан белгілі бір жазуды қалай орналастыру керекін сұрап, көмек алады. Кейіпкеріміз ешқандай ақы күтпей, жай ғана көмектескісі келеді. Арада біраз уақыт өткенде әлгі кісі оның шотына ақша жіберіп, «Алғысым болсын, тәттімен шай ішіңіз» деп жазғанда кейіпкеріміз адамдардың алғаусыз көңіліне риза болғанын айтады.

– Мен ол кезде көмек сұраған адамнан ештеңе күтпедім, тек көмектескім келді. Бір кезде телефонымды қарасам, жаңағы жұмыстың ақшасын төлеп жіберіпті. Осындай сәттер адамға ерекше әсер етеді. Жасаған қарапайым көмегіңнің өзі біреуге қуаныш сыйлап жатқанына қуанасың, – дейді ол.

Қазіргі таңда жас кәсіпкер осы саланың толық қалыптасқан маманы болуға талпынып келеді. Ара-тұра жұмысы тоқтап, біраз уақыттан соң қайта жалғасатын кездері болып тұрады. Дегенмен ізденіс пен үйрену процесі бір сәтке де тоқтаған емес.

Өңгімелесу барысында кейіпкеріміз бала күтіміндегі әйелдердің үлкен арманын кейінге қалдырмай, өзіне қызық дүниені іздеу керекін баса айтты. Осы сәтте жас кәсіпкерден бес жылдан соң өзін бизнес саласында қалай елестетінін де сұрадық.

– Адамда ниет болса, өзі қалаған жетістікке жете алады. Сол үшін үнемі дамуға ұмтылу керек. Өзіне қызық нәрсені іздеп, жаңа дүниелерді үйренуден қорықпау қажет.

Бес жылдан кейін қазір өзім үйреніп жүрген білімді басқа адамдармен бөлісіп, қоғамға пайдам тиетіндей деңгейде болғым келеді. Ең бастысы – заман талабынан қалмай, үнемі ізденіп, дамып отырғым келеді, – дейді К.Бекділдақызы.

Бала күтіміне арналған демалыста басталған жас ананың қызығушылығы осылайша жаңа кәсіпке ұласты. Бұл – бір күнде келген жетістіктің емес, ниеттен, қолдаудан, ізденістен және алғашқы қадамнан басталған жол. Кейіпкердің тәжірибесі көрсеткендей, кейде өзіне жаңа мүмкіндік ашу үшін үлкен қаражат немесе мінсіз жағдай емес, қызығушылық пен бастауға деген батылдық қажет.

Гүлдана НҰРТАЙҚЫЗЫ

сувенирлер шығару, кондитерлік өнімдер, жартылай дайын тағам өндіру, табиғи косметика салаларына сұраныс бар. Бұл саланың бір артықшылығы өнімге тұрақты сұраныс қалыптасқан жағдайда бизнестің ауқымын кеңейтуге болады.

Кейінгі жылдары Қазақстанда ішкі туризм де қарқынды дамып келеді. Демек бұл салада да жастардың алатын үлесі бар. Мысалы туристік гид, авторлық турлар ұйымдастыру, этнотуризм, колонер бұйымдарын сату қызықты әрі табысы жоғары қызмет қатарына кіреді. Сонымен қатар шығармашылық бағыттағы бейнеөндіріс, анимация, музыка, подкаст жасау, дизайн және контент өндірісі де болашағы зор салалардың қатарына кіреді.

Көптеген кәсіпкер алғашқы қателікті «қай сала көп табыс әкеледі?» деген сауалдан бастайды. Алайда «мен қандай мәселені шеше аламын?» деген ой бизнестегі бағытты тез айқындауға көмектеседі. Сол үшін бизнес бастамас бұрын нарықты зерттеу, бәсекелестерді талдау, мақсатты аудиторияны анықтау, қаржылық жоспар құру, шағын көлемде сынақ өткізу, клиенттердің пікірін ескеру маңызды.

Ең бастысы бір жұмысты қолға алғанда бірден үлкен қаражат жұмсауға асықпау қажет. Көптеген табысты компаниялар шағын жобадан басталған. Сала мамандары бастапқы капитал аз болса, кәсіпті SMM агенттігі, мобилография, репетиторлық, онлайн дүкен, фриланс қызметтерінен бастауға кеңес береді. Егер капитал орташа болса, кофехана, фастфуд, гүл дүкені, жылыжай, наубайхана, балалар орталығы бизнесін қолға алу қажет. Егер инвестиция көлемі жоғары болса, өндіріс, IT компания, логистика, агробизнес, білім беру орталығын ашуға болады.

Қазір «бизнестің тиімді саласы болады» деген әмбебап ұғым жоқ. Егер бағыт дұрыс таңдалса, үздіксіз білім алынса және нарықтағы сұранысты тап басса, табыс та арта түседі. Қазір интернет арқылы әлемдік нарыққа шығуға, инновациялық жобаларды іске асыруға және өз идеясын табысты бизнеске айналдыруға барлық жағдай жасалған. Сол үшін кәсіпті үлкен қаражатпен емес, нақты жоспармен және кішкентай қадамнан бастау маңызды. Тарихқа көз жүгіртсек, кез келген ірі компания бір кездері шағын идеямен дүниеге келген. Тәуекелге бел буып, өз мүмкіндігіне сенген жас кәсіпкер ғана ертең ел экономикасына дамуына үлес қосатын табысты бизнес иесіне айнала алады.

Е.ЕРТАЙҚЫЗЫ

ӨМІРДІҢ ӨЗІНЕН

Сырдың самалын жастанып, қыстың қақаған аязын көріп өскен ауыл баласының өмірі қаладағыдай жұмсақ болмайды. Даланың мінезі қандай болса, даланың баласы да солай шыңдалады. Қуанышы – қарапайым, қайғысы – іште, еңбегі – маңдай термен өлшенетін. Құрман да сондай ортада өсті.

Оның кіндік қаны тамған жері – Қараой ауылы еді. Ауылдың шетінен әрі ассаң, кең дала басталатын. Қой өрген қыр, жылқы жайылған бел, қыста боран ұйытқып соғатын жазық. Құрманның балалық шағы осы даламен бірге өтті. Әкесі Сейіт – көп сөйлемейтін, бірақ енбектің қадірін білетін адам еді. Анасы Күләш болса, үйдің берекесін ұстап отырған қарапайым қазақ әйелі болатын.

– Балам, малдың тілін түсінсең, даланың да тілін түсінесің, – деп әкесі Құрманға кішкентайынан мал соңына ертетін.

Құрман атқа алғаш бес-алты жасында мінді. Жеті-сегізге келгенде тайға бас үйретуді үйренді. Ал он екі жасында ауылдың жігіттерімен бірге жылқыға қарайтын болды.

Оның астындағы аты да елге белгілі еді. Қарагер аталатын. Құрман кайда жүрсе де, Қарагер жанынан табылатын. Екеуінің арасындағы байланыс өзгеше еді. Құрман тізгінді тартса, ат тоқтайтын. Бір қимылынан-ақ иесінің ойын сезетіндей.

Жылдар өте Құрман жігіт болып ер жетті. Бірақ оның өмірінде үлкен өзгеріс боларын ол кезде ешкім білмейтін.

Қыс мезгілі болатын. Қараойдың қысы қатты еді. Бір күні кешке ауылдың сыртындағы қорадан бірнеше қойдың жоғалғаны белгілі болды. – Құрман, ауылдың шет-шетін сен жақсы білесің ғой. Айналаны бір қарап келші, – деді ауылдың үлкендері. Құрман ойланбастан Қарагерге мінді. Күн ұясына әлдеқашан батып кеткен. Айналаны көкшіл қараңғылық басқан. Қар бетке ұрып, жел сүйектен өтетін. Құрман соған қарамастан малдың ізіне түсті. Бірақ із алыстай берді. Бір төбеден асып, тағы бір белге шыққанда, алыстан қарауытып жатқан малды байқады. Бір сайдың ықтасына жиналып қалған екен.

Дереу малды жинап, ауылға қарай бет алды. Алайда қайтар жолда боран күшейді. Қарагердің тұяғы қарға кіріп-шығып, әрөн келе жатты. Өзінің үстіндегі киімі біртіндеп суып, денесіне аяз өтіп бара жатты. Бір сәтте ат сүрініп, Құрман аттан құлап түсті.Орнынан тұруға әрекеттенгенімен, басы айналып, бойын әлсіздік биледі.

«Бір сәт тынығып алайын. Таң атқанша мына жерде жата тұрсам, ауыл да жақын ғой…» деп ойлады. Осылайша Қарагердің жанына қисая кетіп, көзі ілініп кетті. Сол сәтте оның өміріндегі ең ауыр түн басталды.



ҚАЙСАРЛЫҚТЫҢ ЖҮГІ

Таң атқанда оны ауыл адамдары іздеп тапты. Қарагер оны тастап кетпей, жанында тұр екен. Ал иесі ес-түссіз жатты. Ауыл адамдары оны шұғыл орап, үйге жеткізді. Дәрігерлер қолдан келгенін жасады. Бірақ үсік тым ауыр еді.

Бірнеше күннен кейін Құрман көзін ашты. Анасы Күләш төсегінің жанында үнсіз отыр екен.

– Апа… – деді Құрман әлсіз дауыспен. Анасының көзіне жас толды.

– Ештеңе етпейді, балам. Аман қалдың ғой…

Бірақ Құрман бір нәрсені сезді. Аяғы да, қолы да бұрынғыдай емес еді. Дәрігерлер оның енді ауыр дене еңбегін атқара алмайтынын айтты. Құрман үшін бұл сөз өлімнен де ауыр тиді. Өйткені оның бүкіл өмірі еңбекпен өткен еді. Атқа міну, мал бағу, қора жөндеу, шөп шабу, дала кезу бәрі-бәрі көз алдынан өте шықты. Енді мұның бәрі оның қолынан келмейтіндей көрінді.

Бір күні әкесі Сейіт төсегінің қасына келіп отырды. Әкісі толы, біраз үнсіз отырып, терең бір демалды да:

– Балам, адамның күші тек қолында емес. Екі қолың мен екі аяғыңнан айырылған жоқсың. Бірақ бұрынғыдай қолдана алмай қалуың мүмкін. Ал ақыл мен жігеріңді ешкім тартып ала алмайды, – деді.

Құрман үнсіз, терезеге телмірумен болды. Бірақ бұл сөз оның есінде қалды.

Арада айлар өтті. Құрман бірте-бірте өз жағдайына бейімделе бастады. Алғашында ол ештеңе істегісі келмеді. Терезеден далаға қарап

ұзақ отыратын. Ауылдың жігіттері атқа мініп өткен сайын жүрегі ауыратын. Бір күні оның көзі үйдің бұрышында жатқан ескі жүгенге түсті. Жүгеннің бір шеті сөгіліп қалыпты. Қолына алып, «Мынаны өзім жөндеп көрсем ше?» деген ой келді. Сол күннен бастап оның өмірінде жаңа кезең басталды.

Ол былғарыны өңдеуді, өрім тоқуды, қайыс тігуді меңгерді. Ат әбзелдерін жасауды қайта-қайта үйренді. Алғашқы жасаған жүгені қисық болды. Екінші жасағаны да мінсіз шықпады. Бірақ тоқтамады. Қолының бұрынғыдай икемі болмаса да, саусақтарын қайта жаттықтырды. Кейде бір жұмысты жасауға бұрынғыдан бірнеше есе көп уақыт кететін.Бірақ ол:

– Мен баяу жасаймын. Бірақ жасаймын, – дейтін.

Бір күні ауылдағы жылқышы Оралбай Құрманға келді.

– Бір нокта керек еді. Жасап бере аласың ба?

Құрман үндемей басын ізеді. Бірнеше күннен кейін нокта дайын болды. Оралбай оны қолына алып, мұқият қарап шықты.

– Мынауың жаман емес екен.

Осы бір ауыз сөз Құрман үшін үлкен марапат еді.Содан кейін тапсырыс көбейді. Біреу жүген сұрады, енді бірі қамшы жасатуға келді. Біреу ер-тоқымға қажетті қайыс іздеді. Қожалық иелері шаруашылыққа керек ұсақ заттарды Құрманнан ала бастады. Кеше ғана ауылда «еңбекке жарамай қалды» деген сөз айтылған ол енді ауылдың еңбек адамдарының біріне айналды.

Жылдар өтті. Қараойда Құрманның қолынан шықпаған ат әбзелі азайды. Оның шағын

шеберханасы ауылдың бір бұрышында тұрды. Есігінен кірген адам былғарының, ағаштың, қайыстың иісін сезетін. Қабырғада ат әбзелдері ілулі тұратын. Бір бұрышта дайын жүгендер, екінші жағында қамшылар, үстелде ұсақ құралдар. Ал төрде әкесінен қалған ескі пышақ жататын. Құрман оны ешкімге бермейтін. Өйткені бұл пышақпен әкесі Сейіт талай дүниені жасаған еді.

Бір күні анасы Күләш шеберханаға кірді.

– Балам, шаршадың ба?

Құрман күлімсіреді.

– Шаршадым, апа.

– Онда демал.

– Апа, анан шаршағаннан емес, қолынан іс келмегеннен қиналады екен. Мен енді шаршасам да қуанамын.

Анасы үнсіз ғана баласына қарады.Көзінде жас тұрды…

Құрман кейде ауыл сыртындағы төбеге шығып отыратын. Сол жерден Қараой түгел көрінетін. Ауылдың ар жағында баяғы жылқы жайылатын бел жатыр. Сол белде оның балалық шағы қалған. Бір кездері дәл осы далада ол Қарагермен бірге талай түн өткізген. Қарагер де қартайып, әлдеқашан қорада тыныш өмір сүріп жатқан. Бірақ Құрман оны ұмытқан жоқ. Кейде қораға кіріп:

– Сен мені сол түні тастап кетпедің ғой, Қарагер, – деп оның жалпына қолын тигізетін. Қарагер басын иесінің иығына жақындатып, баяу пысықырды. Екеуі де көп сөйлемейтін. Бірақ бір-бірін түсінетін.

Құрманның өміріндегі ең үлкен жеңісі – қайтадан атқа мінуі де, бұрынғыдай мал бағуы да емес еді. Оның ең үлкен жеңісі – тағдырдың «сен енді ештеңе істей алмайсың» деген үкімін қабылдамағаны. Адамның тағдыры кейде бір түнде өзгеріп кетеді. Бір сәттік ұйқы – үлкен қателікке алып келді. Бірақ адамның өмірін сол бір сәт анықтап қоймайды. Оны одан кейінгі таңдауы анықтайды. Құрман да таңдау жасады. Ол тағдырға өкпелеп отырып қалмады. Өзінің кемістігін кемшілік деп емес, жаңа өмірдің басталуы деп қабылдады. Жігері жасымаған жігітке Жаратқанда жол көрсетті.

Бұрын ол ауылды малымен қамтамасыз етсе, енді қолынан шыққан бұйымдарымен қамтамасыз етті. Бұрын Қарагердің үстінде дала кезсе, енді шеберханасының төрінде отырып, ауылдың қажетіне жарайтын дүние жасады. Оның қолынан шыққан әрбір жүген мен нокта – жай ғана бұйым емес, Құрманның қайсарлығының белгісіне айналды. Қараой жұрты оны «аяғы мен қолы жарамсыз адам» деп емес, «енбекпен жеңген Құрман» деп атайтын болды. Өмір одан жылқысын да, денінің қуатын да, даланы кезген жастығын да алып кеткен еді. Бірақ, қайта адам болып қалуға деген жігерін ала алмады.

Ал кейде адамның ең үлкен жеңісі – тағдырды өзгерту емес, тағдыр өзгерткеннен кейін де өзі болып қалу екен.

Абзал ЖОЛТЕРЕК

НЕЛІКТЕН ЖАҢА КӨЛІКТЕР ТЕЗІРЕК ТОТ БАСАДЫ?

Жаңа көліктердің ұзаққа шыдамауына әсер ететін басты факторлардың бірі – экологиялық талаптардың күшеюі. Бүгінде әлем елдері атмосфераға таралатын көмірқышқыл газының көлемін азайтуды талап етеді. Экологиялық нормаларды бұзған өндірушілерге қомақты айыппұл салынып қана қоймай, кейбір модельдердің нарыққа шығуына да шектеу қойылуы мүмкін. Сондықтан автокомпаниялар көліктің салмағын барынша азайтуға ұмтылады. Себебі жеңіл көлік аз жанармай жұмсайды, тиісінше зиянды қалдық та аз бөлінеді. Салмақты азайтудың ең қарапайым жолы – кузовқа қолданылатын металдың қалыңдығын жұқарту.

Мәселен, өткен ғасырдың 80-жылдарында кузов металлының қалыңдығы 0,8–1 миллиметр болса, бүгінде бұл көрсеткіш 0,6–0,7 миллиметрге дейін қысқарған.

Айырмашылық аз көрінгенімен, бүкіл кузов бойынша есептегенде ондаған

килограмм салмақ үнемделеді. Алайда мұның елеулі кемшілігі бар. Жұқа металл әлдеқайда тез шіриді. Коррозия металды қысқа мерзімде тесіп өтетіндіктен, көліктің пайдалану мерзімі де қысқарады.

Қазіргі көліктерде жоғары берікті болат кеңінен пайдаланылады. Мұндай болат негізінен кузовтың беріктігін арттыру үшін тіректер, бойлық арқалықтар сияқты маңызды бөліктерге ғана қолданылады. Бұл материал механикалық жүктемеге өте төзімді болғанымен, тоттан қорғайтын ерекше қасиетке ие емес. Сондықтан оның коррозияға төзімділігі түгелдей сыртқы қорғаныс қабатының сапасына байланысты. Ал бұл көрсеткіш көліктің бағасы мен өндірушінің технологиясына қарай әртүрлі болады.

Ескі көліктерде тот көбіне сыртқы бөліктен байқалса, қазіргі автомобильдерде коррозия көбіне ішкі жағынан басталады. Бұған көліктің күрделі дизайны себеп. Әлемі пішін, өткір сызықтар, түрлі сәндік қалыптар мен пластик қаптамалар автокөлікке тартымды көрініс береді. Бірақ дәл осы бөлшектердің арасына су мен лай жиналып, ұзақ уақыт кеппей қалады. Уақыт өте келе ылғал қорғаныш қабатын бүлдіріп, металдың тоттануына жол ашады. Бірнеше жылдан кейін жаңа көліктің өзінде молдингтер мен пластик қаптамалардың астынан тоттың пайда болуы жиі кездеседі.

Одан да күрделі мәселе – кузовтың ішкі қуыстарындағы коррозия. Қазіргі автомобильдердің құрылымы өте күрделі болғандықтан, ішінде көптеген жабық кеңістік пен техникалық қуыс бар. Зауыттағы тотқа қарсы өңдеу кезінде бұл бөліктерге қорғаныш материалдары толық жетпеуі мүмкін. Ал су керісінше дренаждық тесіктер немесе резенке тығындар арқылы оңай енеді. Ішке жиналған ылғалды шығару қиын болғандықтан, тот ұзақ уақыт көзге көрінбей дамиды. Көлік иесі бұл мәселені көбіне техникалық қызмет көрсету кезінде ғана байқайды.

Қазіргі автокөліктерде алюминийден жасалған бөлшектердің саны артып келеді. Капот, алдыңғы қанаттар және аспа жүйесінің кейбір элементтері осы материалдан өндіріледі. Оның негізгі мақсаты көліктің салмағын азайту және коррозияға төзімділікті арттыру. Шынында да,


алюминий темір секілді тот баспайды. Оның бетін химиялық әсерден қорғайтын табиғи оксид қабаты болады. Алайда мәселе алюминийдің болатпен түйіскен жерінде туындайды. Екі түрлі металл бір-бірімен жанасып, арасына ылғал түскен кезде гальваникалық реакция жүреді. Соның салдарынан болат бөлшектердің тотығуы әлдеқайда жылдамдайды.

Қазіргі қалалардағы қысқы жолдар да автомобиль кузовы үшін үлкен қауіп төндіреді. Қар мен мұзды еріту үшін жолдарға мол мөлшерде химиялық реагенттер себіледі. Олар қармен, сумен және лаймен араласып, көліктің барлық бөлігіне жабысады. Химиялық қоспалар әсіресе доңғалақтар арқылы кузовтың қол жетпейтін тұстарына шашырайды. Бұл заттар лак-бою қабатындағы ұсақ жарықтар мен сызаттар арқылы металға жетіп, коррозия процесін жылдамдатады. Тіпті қосымша антикоррозиялық өңдеуден өткен көліктердің өзі қала жағдайында мұндай әсерден толық қорғана алмайды.

Зерттеулерге сәйкес, жолдарға химиялық реагенттер қолданылатын өңірлерде кузовтың бұзылу жылдамдығы орта есеппен төрт есеге дейін артады. Оның үстіне реагенттер тек металл ғана емес, қорғаныш жабындарына да әсер етіп, оларды біртіндеп әлсіретеді. Қорғаныш қабаты бүлінген соң коррозия металға тікелей шабуыл жасайды. Әдетте қымбат санаттағы көліктер бұл тұрғыда жақсырақ қорғалған. Олардың лак-бою жабыны сапалырақ әрі қалың болады, сондықтан жарықтар мен ұсақ сызаттардың пайда болу ықтималдығы төменірек.

Жаңа автокөліктердің тезірек тот басуы олардың сапасының төмендігін білдірмейді. Бұл экологиялық талаптардың күшеюі, салмақты азайтуға бағытталған инженерлік шешімдер, күрделі кузов конструкциясы, әртүрлі металдың қатар қолданылуы және қысқы жолдарға себілетін химиялық реагенттердің жиынтық әсерінен туындайтын құбылыс. Сондықтан көліктің қызмет ету мерзімін ұзарту үшін кузовты жүйелі түрде жуып тұру, қыс мезгілінен кейін толық тазалау, лак-бою қабатындағы зақымдарды уақытылы қалпына келтіру және антикоррозиялық өңдеуді мерзімінде жүргізу маңызды.

А.МАРАТҚЫЗЫ



Суреттер ЖИ арқылы жасалған

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ

Қабылдау бөлмесі:
тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР
Дәулет ҚЫРДАН

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралу аймағы: Қазақстан Республикасы
Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru
Instagram: @aqmeshiit-zhastary / сайт: aqmeshit-zhastary.kz

Кезекші редактор:
Мерей ШӘКРАТ

Таралымы: 4530
Тапсырыс: 1378